

З. Мүфтибекова, Ә. Рысқұлбекова

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің
4-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

«Алматыкітап» баспасы
2019

Шартты белгілер

- | | |
|--|---|
|  – сабақтың басталуы |  – талдайық, пікіріңді айт |
|  – сабақтың мақсаты |  – тыңда |
|  – топтық жұмыс |  – ойлан |
|  – жұптық жұмыс |  – шығармашылық жұмыс |
|  – мәтінді оқы |  – ізден, сұра, зертте |
|  – сахнала, рөлге бөліп оқы |  – есіңде сақта |
|  – түсіндірме |  – сөздік |
|  – теориялық мәтін |  – үй тапсырмасы |

Мүфтибекова З., т.б.

Әдебиеттік оқу. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған. 1-бөлім. /З. Мүфтибекова, Ә. Рысқұлбекова. – Алматы: «Алматыкітап», 2019. – 136 бет: суретті.

© Мүфтибекова З., Рысқұлбекова Ә. (мәтіні), 2019
© «Алматыкітап» ЖШС, 2019

Құрметті оқушым!

Міне, сен 4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің 1-бөлімін қолыңа алдың. Бұл бөлімде «Менің Отаным – Қазақстан», «Құндылықтар», «Мәдени мұра» тақырыптарымен танысасың.

Қасиетті Отан туралы мәтіндерді оқи отырып, ел мен жердің қадір-қасиетін түсінесің. «Адами құндылықтар» деген сөздің мән-мағынасын ұлы билердің өнегелі сөзі, кейіпкерлердің жағымды әдеттері арқылы жүрегіңе ұялатасың. Мәдени мұра – ата-бабаның сендерге қалдырған мұрасы, қазақтың сан түрлі өнері, көне қалалар, жәдігерлер, көшпелі халықтың мәдениеті екенін ұғынасың.

Ана тілің арқылы сөз мағынасын түсініп, мәдениетті сөйлеуді үйренесің. Оқулықтағы тапсырмалар өз бетіңмен орындауға, жұптасып, топтасып, кейде үлкендердің көмегімен орындауға арналған. Ойланып, ізденіп, қиялдап, шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыланасың.

Әдебиет – сөз өнері. Білім мен өнер жолындағы қадамың сәтті болсын!

Нені білесің:

- ◆ Шығарманың мазмұнын түсініп оқисың, әңгімелейсің, оқиғаны болжайсың.
- ◆ Оқу түрлерін қолданасың.
- ◆ Батырлар жырының, аңыздың басты белгілерін білесің. Шығарманың тақырыбын, негізгі ойын анықтайсың.
- ◆ Кейіпкердің іс-әрекетін бағалайсың.
- ◆ Әдеби көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтайсың.
- ◆ Шығармашылық жұмыстар жазып үйренесің.
- ◆ Оқығаныңды қайталап, біліміңді тексересің.





ОТАНЫМ – БАҚЫТ ОРДАСЫ




Тақырыпты және негізгі ойды анықтап үйренемін.

Құра



1. «Отанға тілек» тақырыбында топтастыру құрыңдар.



2. *Бейбітшілік, тыныштық* сөздерін пайдаланып, бір-біріңе жақсы тілек айтыңдар.



Әдібай Табылды – жазушы әрі ақын. 1926 жылы Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданында дүниеге келген. «Бөбекке сөз», «Қайырлы таң, балалар!», т.б. балаларға арналған кітаптардың авторы. Жазушының әңгімелері мен өлеңдері ақыл, ғибратқа толы.

Оқы

Қайырлы таң, балалар!

Арайланып таң атты,
Алтын шапақ таратты,
Қайырлы таң, балалар!
Жер бетінде тыныштық,
Келбетінде Күн ыстық,
Қайырлы таң, балалар!



Жарқырады қаламыз,
Жарқын, әрлі даламыз,
Қайырлы таң, балалар!
Аман Отан-панамыз,
Аман ата-анамыз,
Қайырлы таң, балалар!

Әдібай Табылды

АББ

Арайланып – жарқырап
Әрлі – әдемі, керікті



3. Кейіпкер нені мақтан етеді, неге қуанады?
4. Өлеңдегі «Аман Отан-панамыз» деген сөйлемді қалай түсінесің?
5. *Отан* сөзін қолданып, өлеңнің тақырыбын қалай өзгертер едің?

Есіңе түсір



Тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы. Өлең тақырыбынан кім, не туралы айтылатынын байқау қиын емес.

Негізгі ой – автордың айтқысы келген идеясы. Бұл өлеңнің негізгі ойы ақынның жақсы тілектерінен анық байқалады.

Қолдан



6. Өлеңдегі негізгі ойды үлгідегі сөйлемге ұқсатып айтыңдар.
Үлгі: а) Бейбітшілік болса, ата-анамыз да аман-есен болады.
Бейбітшілік болса, ...
ә) Өлең шумағындағы ұйқас сөздерді табыңдар.

Отанды біз: «Атамекен», –
Деп аялап

атамыз

Өйткені оны мекен еткен
Бабамыз бен

атаймыз

Ермек Өтетілеуұлы

7. Өлеңнің тақырыбын қалай атар едіңдер?

Есіңе түсір



Эпитет – әдебиеттегі көркемдегіш құрал, заттар мен құбылыстарды сипаттайтын бейнелі сөз. Эпитет «қандай?» деген сұраққа жауап береді.

Мысалы: **алтын шапақ, ыстық күн.**

8. Өлеңді оқып, эпитет сөздерді тап.


Отан

Аялаған өз елің,
Отан – биік тауларың,
Отан – шексіз кең далаң,
Жасыл бағың, бауларың,
Көк шалғының аунаған.

Кәкімбек Салықов



9. «Отанға қызмет ету» дегенді қалай түсінесің?
Ойыңды топтастырып жаз.



Қорыт

10. Отанымызды несімен мақтан етеміз?



К. Салықовтың «Отан» өлеңіндегі ойды жалғастырып, өлеңге бір-екі жол қосып жаз.



МЕН ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТЫМЫН



Шығармашылық жұмыс жасап үйренемін.
Оқу түрлерін қолданамын.

Кел, сөйлесейік!

1. Тірек сөздерді пайдаланып, өзің туралы сынып алдында айтып бер.



Өтебай Қанахин (1923–1990) – жазушы. Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Тәуіп ауылында дүниеге келген. Жазушының «Көл жағасында», «Атақоныс», «Бақыт бәйшешегі», «Маздақ», «Дәмелі» атты кітаптары жарық көрген.

Түсініп оқы

Туған жер



... Сен әуелі анаңның ақ сүтінен нәр алып, бесікте құндақтаулы жаттың. Сөйтіп жатып уілдейтінді шығардың. Сосын отыруды үйрендің. Тұруға да шамаң келе бастады. Алақай, міне, тәй-тәй басып жүріп те кеттің! Сонда сен алғаш рет табаныңа мамықтай тиген туған жердің қасиетті де құнарлы топырағын бастың.

Келер жылы ақ таяқты ат қып мініп, шапқылай жөнелдің. Сол таяқ та сен туған жердің талынан кесіліп алынған болатын. Ағаларыңа немесе аулыңдағы ересек балаларға еріп, қармақ салмақ боп өзенге бардың. Ол өзен де туған жердің төсінде ағады. Ондағы ақ сазан, ақбалық, алабұға, шортан, тағы да басқа балықтар – туған жер ризығы.

Жазда жағалай ауыл қонған көлге барып, талай-талай рақаттана шомылған боларсың. Ол көл де – балақай, біліп қой, туған жердің нәрі. Сонда шалқар судың айдынында жұбын жазбай жүзіп жүрген кербез аққуларға көзің түскен болар. Құс төресі сол аққулар да – өзің өскен өлкенің көркі. Қаз, үйрек, қасқалдақ, басқа да су құстарының неше түрін көрдің сол көлдің жағасынан. Бұлар да сен туған жерді мекен етеді, өсіп-өнеді, өркен жаяды.

Ұлан-байтақ қазақ даласын тұз тағысы – киік, таутеке, арқар, аю, барыс, қабылан сияқты жабайы аңдар да қоныс етеді.

Туған жеріміз – Қазақстанда суы телегей теңіз де, ұшар басын мәңгі қар басқан зеңгір тау да, көкпеңбек боп бой түзеген орман-тоғай да баршылық. Сайып келгенде, әрбір адам үшін туған жерден қадірлі, қымбат ештеңе жоқ. Өйткені сен ең алғаш жарық дүниеге келген сәтіңнен бастап, осы өлке саған алтын бесік – атамекен болып саналады. Сенің ғана емес, сенің әкең мен шешең, сенен кейінгілерге де қадірлі қоныс боп қала бермек. Сондықтан туған жерді сырт жаудан қорғап қалу, соған күнілгері дайын тұру – парыз.

Өтебай Қанахин

АББ

Құндақ – сәбиді жаялыққа ораған бөлеуі, жөргек
Ризық – бұйырған нәсіп, ырыс
Сайып келгенде – нақты айтқанда



2. Адамның өмірі туған жерімен қалай байланысты?
3. Туған жердің көркіне, байлығына не жатады?
4. Мәтіннің 3-абзацын іштей қайталап оқып, өзің тұрған жермен салыстырып айт.

Ізден



5. Мәтіннен *Отан* сөзіне мәндес сөздер іздеңдер.

Дәлелде

Мәтіннен үзінді	Автордың пікірін мысалдар келтіріп, дәлелде.
Туған жеріміз – Қазақстанда суы телегей теңіз де, ұшар басын мәңгі қар басқан зеңгір тау да, көкпеңбек боп бой түзеген орман-тоғай да баршылық.	«Иә, Қазақстанда ...»

Өзгертіп оқы



6. Мәтіннің екінші және соңғы абзацын үлгідегідей өзгертіп оқы.

Үлгі:

2-жақ	1-жақ	3-жақ
Сен екі шекең торсықтай болып жарық дүниеге келдің. Ата-анаңның қуанышында шек жоқ.	Мен екі шекем торсықтай болып дүниеге келдім. Ата-анамның қуанышында шек жоқ.	Ол екі шекесі торсықтай болып дүниеге келді. Ата-анасының қуанышында шек жоқ.

Түсіндір

7. Азаматтық парыз, міндет туралы соңғы абзацты оқып, түсінгеніңді әңгімеле.



Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының парызы және міндеті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 36-бап



8. Өзің тұрған жерді сипаттап, «Біздің ауылға/қалаға келіңдер!» деген тақырыпта жарнама жасаңдар.



«Сен өз ауылыңды/қалаңды білесің бе?» деген тақырыпта викториналық сұрақтар дайындап, жаз.



ОТАН ТУРАЛЫ ӨЛЕҢ-ЖЫР ОҚИМЫЗ




Шығарманың тақырыбын, негізгі ойын анықтаймын.
Шығармашылық жұмыстар жасап үйренемін.

1. 3-сыныпта оқыған М. Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңін есіңе түсіріп, адамға қажет үш ұғымды атаңдар.



Тұманбай Молдағалиев (1935–2011) – ақын. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Жарсу ауылында дүниеге келген. Т. Молдағалиевтің «Құстар әні», «Құстар қайтып барады» атты өлеңдер жинағы шыққан. Ақынның өлеңдеріне жазылған әндерді халқымыз сүйіп айтады.



Оқы

2. Өлеңді мазмұнына сай мәнерлеп оқы.

Отан

(ықшамдап алынған)

...Ойлайтын ылғи қамыңды,
Әкең де – сенің Отаның...
Ақ сүтін берген аямай
Анаң да – туған Отаның.

Бауырың, туыс, тумаң да –
Отаның сенің біл, бала.
Алыстап арман қуғанда
Намысын оның былғама.

Жаттаған ғажап жырларың,
Оқыған мың сан кітабың
Ұқтырар Отанның мәнін,
Ұқпасаң оны, жұтадың.

Шығатын өзің таулар да
Бұлт басып тұрған төбесін.
Жападан-жалғыз қалғанда
Әкеңдей оған сенесің...

Бәрі де – сенің Отаның
Бойыңды биіктететін.
Рухына балап атаның,
Өлгенше сүйіп өтетін.

Тұманбай Молдағалиев



АББ

Атаның рухына балау – ата-бабамыз сияқты құрметтеу



3. Өлеңнен ақынның негізгі ойын тауып, оқы.
4. Отанымыздың өткені, қазіргісі, келешегі туралы қайдан, неден білесің?

Салыстыр



5. Ақынның Отан туралы түсінігі сенің ойыңмен ұқсас па?

Ойыңмен бөліс



6. *Отан* ұғымына өзің қандай ой қосар едің?
«Отан қайдан, неден басталады?» тақырыбына эссе жаз.



- Өлең мазмұны бойынша, *Отан* ұғымына топтастыру құрып жаз.




ҚАСИЕТТІ МЕКЕНІМ



Оқиғаның дамуын болжауды, мәтінге жоспар құруды үйренемін.

Пікіріңді айт

1. Сызбаны толықтыр.



Түсініп оқы

Ақдауыл хан (ықшамдап алынған)



Баяғыда бір елдің ерлігі жұрттан асқан «Ақдауыл» деген батыры болған екен. Қаһарынан жау қаймығыпты. Әйтсе де елге жаманшылығы жоқ екен. Аш-жалаңаш жұртты қолдапты. Ақыры еңбегі елге жағып, халық оны хан көтеріпті...

Бір күні Ақдауыл қатты ауырады. Ешбір асқа тәбеті шаппайды. Ойын-сауыққа зауқы соқпайды.

– Ақдауыл ханның денсаулығына аса қауіпті ештеңе жоқ, – дейді атақты бір тамыршы. – Хан иемді Ұлы теңіздің жағасына апарып, теңіз самалымен емдеу керек.

Айтты, бітті.

Ұзақ жол жүріп, Ұлы теңізге жетеді. Бірақ теңіздің таза ауасы, гүл жазирасы дертті ханның көңілін хош ете алмайды.

Ақдауыл хан бұрынғыдан бетер жүдей түседі.

– Хан иемді сонау Үнді жағалауына алып бару керек. Сол жердің самал ауасы, ән-сазы бұл кісіні дертінен айықтырады, – дейді бір дәруіш.

Сол-ақ екен, ақ шатырлы хан күймесі енді Үнді еліне аттанады. Айтса – айтқандай, бұл ел шынымен де керемет екен. Бірақ Ақдауыл ханды Үнді елі де көңілін таба алмады. Ақдауыл ханның еңсесі онан сайын түседі.

– Ханды сонау батыстағы Қап тауына жеткізіңдер. Сол жердегі дертке шипа жерасты ыстық суымен емделсін, – дейді тағы бір білгір емші.

Хан солай қарай жүруге әмір береді. Ұзақ жүріп, ақыры Қап тауына келеді. Аспанмен таласқан таулар ханның есін алады. Жерасты ыстық суы ханды рақатқа бөлейді... Бірақ бұл да ұзақ болмай шығады. Хан қайта жүдей бастайды.

Ақыры ақ ордасына қайтқан хан нөкерлеріне:

– Осы елде бір білгір дәруіш жоқ па? – деп ақырады.

Шаба жөнелген нөкерлер сақал-шашы аппақ қудай бір қартты алып келеді. Олар:

– Шын дәруіш болсаң, ханның дертін тап! – деп айғайлайды дәруішке. – Егер таппасаң, сорың қайнайды!

Қарт дәруіш ханның тамырын ұстап отырып:

– Сіз жаугершілікпен жүріп, ер үсті – ат жалында ұзақ жыл түн қаттыңыз. Енді сіз үшін оның ешқандай қызығы жоқ. Енді сізге бір қызық болса, өз туған жеріңіз, ана құр-

сағынан шыр етіп түсіп, алғаш қадам басқан жеріңіз қызық болар. Одан да ат ізін үзгеніңізге нелер заман өтті ғой, – дейді.

– Менің туған жерім бе? – деп аңырып қалады Ақдауыл хан. – Сонау Тозғантау маңындағы тар қуыстағы ескі жұртқа ма? Мейлі, оны да көрелік. Апарыңдар мені сонда!

Болжа

Мәтіндегі оқиғаның аяқталуын болжа. Себебін түсіндір.

...Ақдауыл ханды Тозғантау қуысындағы шағын қыстаққа алып келеді. Хан өз туған жерін көргенде, жанарына жас үйіріледі. Көкірегінде әлдеқандай сиқырлы әуен күмбірлеп, ән айтқысы келгендей болады. Бейберекет шашылып жатқан қара тас та, сылдырап ағып жатқан Ақбұлақ та бұған тым ыстық көрінеді. Сол баяғы бала күнгідей бұлақ басындағы қос шынар әлі көк тіреп, тербеліп тұр.

Ақдауыл ханның көкірегіне қуаныш сыймай, тасып төгіле береді. Ол ақ күймеден атып шығып, балаша мәз болып айқай салады. Жүгіріп барып, бала қойшыны құшақтайды. Ақдауыл хан Ақбұлаққа жетіп, етпеттей жатып, кәусар суынан сіміреді...

«Хан ақылынан адасты» деп ойлаған нөкерлері айнала қоршап, состиып қарап тұрады.

Кенет хан:

– Естеріңде болсын, туған жердің самалын ешқандай Ұлы теңізіңнің самалы ауыстыра алмайды. Туған жердің ауасына, әуеніне мың үндінің әуені де жетпейді... Мұны естеріңде ұстаңдар, – деп, күймесіне отырады. – Ал енді ақ ордаға тартыңдар қайта!

Ақдауыл хан ауруынан құлан-таза жазылыпты. Осыдан соң туған жерін де ұмытпай, жиі-жиі келіп тұратын болыпты.

Бердалы Рысбеков

АББ

Қаймығу – сескену, қорқу
Хан көтеру – хан сайлау
Тамыршы, дәруіш – емші
Зауқы соқпау – көңілі соқпау
Ат ізін үзу – бармай, көрмей кету
Ат жалында ұзақ жыл түн қату – ұзақ уақыт ат үстінде, жорықта болу

2. Оқиғаның басталуына не себеп болды?
3. Өз болжамыңды мәтіннің мазмұнымен салыстыр.
4. Ханның туған жерін көргендегі сезімдерін әңгімеле.
5. Оның туған жер туралы сөзін тауып оқы.

Құра

6. Мәтін мазмұнының реті бойынша сұрақтар құрап жазыңдар.
 - Оқиғаның басталуы
 - Оқиғаның дамуы
 - Оқиғаның шиеленісуі
 - Оқиғаның шарықтау шегі
 - Оқиғаның шешімі

Өзгерт

7. Мәтіннің негізгі ойына қарап, ертегі тақырыбын қалай өзгертер едің?

Бағала

8. Ақдауыл хан – қандай адам?
9. «Не қымбат?» деген пікірдің ең бастысы қайсысы?

10. Ертегі мазмұны бойынша жоспар жаз.



ЕР СЕРІГІ – ТҰЛПАРЫ



Көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтаймын.
Әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігімен танысамын.

Есіңе түсір



1. Ауыз әдебиетінің түрлерін атаңдар.



Батырлар жырының тақырыбы – елді, жерді сыртқы жаудан қорғау. Оның басты кейіпкері – батыр. Ал батырдың тұлпары – оның ең жақын серігі.

Халық арасында осындай көлемді жырды жатқа айтатын жыршылар болған.

2. 3-сыныпта оқыған батырлар жырының кейіпкерлерін ата.

Түсініп оқы

Тайбурылдың шабысы

(ықшамдап алынған)

...Бұған Қобылан қуанып,
«Шырағым, Бурыл, шу!» – деді.
Сонда Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді.

Тау менен тасты өрледі,
 ...Түнектен шыққан Тайбурыл
 Көлденең жатқан көк тасты
 Тіктеп тиген тұяғы
 Саз балшықтай иледі.
 Қарсы келген қабақтан
 Қарғып басып жөнелді.
 Сеңгір-сеңгір таулардан
 Секірте басып жөнелді.
 Асқар-асқар белдерден,
 Айдын-шалқар көлдерден,
 Тобылғылы Нұрадан,
 Сексеуілді жырадан,
 Жалғыз шауып жол шекті.
 Астына мінген Бурыл ат
 Жауатын күндей күркіреп,
 Жаңбырдай тері сіркіреп,
 Құбылып ойнап жер басты...
 Бурыл көкке секірді,
 Омырауда тері көпірді.
 Табаны тиіп түскен тас
 Қызылбас мылтық оғындай
 Аспан көкке атылды.
 Тақиядай көрмеді
 Үстіндегі батырды...
 Арандай аузын ашады,
 Аяғын топ-топ басады.
 Бір төбенің тозаңын
 Бір төбеге қосады...
 Көбелек ұшпас көлсізден,
 Құла мидай шөлдерден,
 Адам жүрмес жерлерден,
 Батпақты лай көлдерден,
 Асқар-асқар белдерден,
 Жалғыз шауып жол шекті...



Сол уақыттар болғанда
Белес-белес бел көрді,
Бел астында ел көрді.
Тіктен шауып қалаға
Қобылекем келе бұл жатыр...
Ағыны қатты Бурылмен
Аңқытып келіп жолықты...

АБЭ

Тайбурыл - Қобыланды батырдың тұлпары

Бағала

3. Жырда Қобыланды батырдың тұлпары қалай сипатталған?



Көркемдегіш тәсіл	Мысалы
Әсірелеу – суреттелетін затты шамадан тыс асырып айту тәсілі. Бұл көркемдегіш тәсіл батырлар жырында, жыраулардың шығармасында жиі қолданылады.	Көлденең жатқан көк тасты Тіктеп тиген тұяғы Саз балшықтай иледі.



4. Қайталап оқып, әсірелеу тәсілін тап.

5. Жырды оқығанда қандай сезімде болдың? Қысқаша жаз.



6. Тайбурылдың шабысын өзің таңдаған дауыс ырғағымен оқы.



7. «Қобыланды батыр» жырынан үзінді тыңда. Үзіндіге қандай тақырып қояр едің?

Қорыт

8. Жырдағы тұлпардың бейнесін суретімен байланыстыра сипаттап айт.



Үзіндінің ұнаған шумақтарын жаттап ал.

«Қобыланды батыр» мультфильмін көріп, мазмұнын айтып беруге дайындал.



6 ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТАУЛАРЫ



Көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтаймын.
Түрлі шығармашылық жұмыстар жасаймын.

Құра

1. *Тау* сөзіне көркемдегіш сөздермен топтастыру құр.



Мұқағали Мақатаев (1931–1976) – ақын, аудармашы. Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Ақынның «Үш бақытым», «Отан туралы», «Елім», т.б. өлеңдері бар. М. Мақатаевтың өлеңіне көп ән жазылды (мысалы: «Сәби болғым келеді», «Сарыжайлау»).

Түсініп оқы

Таудай болғым келеді

... Тау менің несібеме тиіпті ерек,
Мендегі шаттық бөлек, күйік бөлек.
Ақсақалдар: «Таудай бол!» – дейтін маған,
Таудай болғым келеді, биік керек.

... Аласартып асуын, өткелдерін,
Астыма әкеп төсейді көк белдерін.
Алып тауды бесік қып өсіпсің ғой,
Ғұмырым, керемет ең неткен менің!

Мұқағали Мақатаев

2. Үлкендер балаға неліктен «Таудай бол!» – деп тілек білдіреді?
3. «Түртіп алу» әдісімен түсініп оқы.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін	Ойым бөлек	Жаңа ақпарат	Білгім келеді

Қазақстан таулары


Әр ауылы – ән отау,
Жетісу – жер жаннаты.
Асқаралы Алатау
Құшағында – Алматы.

Кімнен қуат аламыз,
Тау болмаса, сән қайда?!
Жатыр ұлы даламыз
Арқа сүйеп Алтайға!

Көкке жеткен түндігі
Тауларыммен мақтанам.
Ұлытау – жер кіндігі
Ұлт бірлігін сақтаған!

Көкшетауда мүсін көп,
Көрген адам тамсанған.
Әрбір тасы сыр шертіп,
Ақ қайыңы ән салған!

Тыңда таудың ән-жырын,
Бұлақ ағар сыңғырлап.
Қарқаралы бүгінде
Мәди әнін тұр шырқап!




Таудың бәрі тағдырлы,
Керек оны бағалау.
Қазақ үшін қадірлі
Қасиетті Қаратау!

Тау жуынса жауынға,
Тас та жібіп, бұлқынған.
Баянауыл тауымда
Сұлулық пен сыр тұнған!

Ақыл құйған санама
Атамекен аумағы...
Көрік берген далама
Қазақстан таулары!

Айбатыр Сейтақ



АББ

Жер жаннаты – бұл жерде: «көркем, керемет, сұлу» деген мағынада

Мәди Бәпиұлы – ақын, әнші-композитор

Таудың бәрі тағдырлы – бұл жерде: «әр таудың тарихы бар» деген мағынада

Білгенге маржан



Тау – етегі, шыңы, басы, жоны, беткейі, өзен аңғарлары бар, жартастардан тұратын жер бөлігі.



4. «Қазақстан таулары» өлеңінде аталған таулар қалай суреттеледі? Олардың бір-бірінен ерекшелігін ата.

5. Өлеңде аталған тауларды картадан ізде.

Тыңда



6. Н. Әлімқұловтың сөзіне жазылған Н. Тілендиевтің «Алатау» әнін тыңда. Өлеңнің сөзіне мән бер. Алатау – қандай тау?

Құра



7. Кестемен жұмыс жасаңдар.

Өздерің тұратын жердің бедерін сипатта.	Берілген сөз тіркестерін бір-біріңе сызбамен түсіндіріңдер.	Сөз тіркестеріндегі қатені табыңдар.
Таулы, жазық, ...	Таудың басы, етегі, беткейі, ...	Тауға шықтым, тауға міндім, таудан түстім, шыңға өрмеледім, шыңға шықтым.

Қорыт

8. Өлеңнен тау сипаты болатын сөз тіркестерін теріп жазып, 1-тапсырмадағы топтастыруды толықтыр.



Оқыған өлең, тыңдаған ән бойынша сурет сал немесе «Бес жол өлең» жаз.



ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ



Кейіпкердің іс-әрекетін бағалап үйренемін.
Шығармашылық жұмыс орындаймын.

Пікіріңді айт



1. Сендердің ойларыңша, қандай адам батыр, ержүрек?



Мәншүк
Мәметова



Бауыржан
Момышұлы



Әлия
Молдағұлова

2. Өздерің білетін бір батыр туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

Түсініп оқы



Хиуаз Доспанова (1922–2008) – әскери ұшқыш. Ұлы Отан соғысы жылдарында жаумен шайқасқан. Туған жері – Атырау облысы Құрманғазы ауданы Зормата ауылы.

Х. Доспановаға 2004 жылы «Халық қаһарманы» атағы берілді. Хиуаз өз өмірінен «Халқым үшін» атты кітап жазған.

Қаһарман қыз – Хиуаз

(ықшамдап алынған)

Қазақтан шыққан алғашқы ұшқыш қыз жайында 1940–1950 жылдары түрлі басылымдарда жазылды.



2006 жылы Хиуаз жайлы деректі фильм түсірілген. Фильмде полкте Хиуазбен бірге болған ұшқыш қыздар бейнеленген. Өңірлері орден мен медальға толы. Хиуаздың соғыс жылдары жасаған ерлігі туралы сол құрбылары әңгіме қозғайды...

... Бірде батыр қыздың ұшағы полктегі жасырын қону алаңына келе жатты. Соғыс жағдайында алаңда қазіргідей жарқыраған сәуле жоқ. Төмендегі жылтыраған таныс белгілер арқылы қону керек. Майданнан қайтқан екі ұшақ қонар тұста соғылып қалады. Қасындағы көмекші ұшқыш бірден қаза табады, Хиуаздың өзі жараланып, аяғы сынады. Бірақ госпитальда ұзақ жатып, емделетін жағдай жоқ.

Хиуаз – асқан ержүрек қыз. Сынған аяғы тез арада жазылып кете қоймады, бірақ ол қайсарлығымен ұрысқа шығуын тоқтатпады. Ылғи бомбалауға түнде шығады. Хиуазды ұшаққа көтеріп апарып отырғызады. Ол жау шебіне қырғиша шүйіліп, белгіленген нысанға бомба тастауды өте шебер әрі батыл жасайтын. Ұшақ қанаты астында бекітілген санаулы бомбаларды тастап, шұғыл кері оралу керек. Жерге қонған соң, он минуттың ішінде ұшаққа қажет бомбалар қайта бекітіледі. Бар болғаны – он минут уақыт.

Жау бекіністерінің үстінде жүргенде Хиуаз көксұрланып қатып қалады. Тапсырманы толық орындап, жер-

ге келіп қонғанда ғана «тірілгендей» болады. Артынша Хиуаз аспанға қайта көтеріледі. Ондай сапардан оралмайтын құрбылары қанша! Әйтеуір, Хиуаз аман келеді.

Кейде ол бір түнде аспанға жеті-сегіз рет көтеріледі. Барлығы да сәтті аяқталады. Берілген тапсырма ойдағыдай орындалады. Қазақтың батыр қызы осылайша от пен оқтың үстінде жүріп, 300-ден астам жауынгерлік тапсырма орындаған екен.

Рахмет Иманғалиев
«Қаһарман қыз – Хиуаз» кітабынан



3. Хиуаз шайқас кезінде өзін қалай ұстады?
4. Әскери ұшқыш қыздың мінезі қандай?

Бағала

5. Соғыста ерлік көрсеткен батыр қыздар туралы не білесіңдер?



6. Оқыған, тыңдаған мәтіндердегі ұшқыш Хиуаз бен бала Хиуаздың ұнаған қасиеттерін атап, кестеге жаз.

Бала Хиуаз

Ұшқыш Хиуаз

Қорыт

7. Хиуаздың мінез-құлқынан не ұнады?



- Хиуаз Доспанова туралы «*iMektep.kz*» сайтынан деректер оқып, аңгімелеуге дайындал.



ТУҒАН ЕЛГЕ САҒЫНЫШ



Шығармашылық жұмысқа жоба жасаймын.
Өмірде болған ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып,
ойымды білдіремін.

Әңгімеле

1. Өз басыңнан өткен сағынышты сәттерді есіңе түсір.



Сағыныш



Сапарғали Бегалин (1895–1983) – «Қазақ балалар әдебиетінің ақсақалы» атанған жазушы, ақын. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Дегелең ауылында дүниеге келген.

«Сәтжан», «Бала мерген», «Жас бұтақ», «Ұрыншақ», «Бес батыр», т.б. әңгімелері бар.

Түсініп оқы

Дала сұңқары қиырға қарайды

(қысқартылып алынды)



Өткен күзде ғана Омбы қаласына келіп, оқуға түскен кішкене Шоқан қаланың қамау көше, тар үйіне әлі жете үйрене қоймап еді. Есіл-дерті – кең дала, еркін жүріс, сахара ауасы. Ол көктем басталғалы сабақтан босаған сағатында Ертістің бойына келеді. Алыс қырға көз салып, көп отырады.

Бүгін де Шоқан жұртпен бірге Ертіс жағасына келді. Шоқанның әрдайым келгенде отыратын бір ғана орны бар. Ол – Ертістің бір биік жарының үсті. Өзен қабағы – қаптаған көп адам. Күтірлеп сынған қалың мұздар бірін бірі қаға жылжып, ойран-топыры шығып жатыр. Су бұрынғысынан әлдеқайда көтеріліп, жардың ернеуіне шыпылдап келіп, қалаға лап қоярдай лепіреді.

– Шоқан Уәлиханов, сен мұнда неге томсарып отырсың? – деді корпус дәрігері Василий Матвеевич.

Шоқан қапылыста қасына келіп сұрақ қойған үлкен кісіден ұяла орнынан тұрып, алдымен әдеппен сәлем берді.

– Кешіріңіз, келгеніңізді байқамай қалдым.

– Оқасы жоқ, қыран балапаны! – деді Кошелевский. – Сен еркін өскен сахара баласысың. Сонау кең далаңды, ауылыңды сағынып отырсың, ә? Түсінемін. Сен мына қалада торға түскен сұңқардың балапаны тәріздісің...

– Иә, Василий Матвеевич, дәл айтасыз. Сонау көгеріп мұнартқан далада менің ауылым – елім бар. Қазір біздің ауыл қандай қызық! Малы төлдеген, өмір думаны сонда ғой. Жаңа сіз «қыран балапаны» дедіңіз. Осы көктемде менің әкем қаршыға салады. Ой, шіркін, қыран, қаршығаның қаз ілгені қандай қызық! – деп Шоқан масаттанып кетті.

Сапарғали Бегалин

АББ

Омбы – Ресейдің қаласы
Есіл-дерті – бар ойы, көңілі



2. Мәтіннің басты кейіпкері – кім?



3. Шоқан туралы көркем фильмді көрдің бе? Мәтінмен салыстыр.



4. Шоқанның туған жеріне деген сағынышын суреттейтін сөздерді тауып оқы.

Есіңе түсір



Мәтін кейіпкерлері		Фильмдердегі басты кейіпкерлерді ата
Әдеби шығармада оқиғаға қатысушы адамды кейіпкер деп атайтынын білесің. Ертегілерде, мысалдарда кездесетін аңқұс та, өсімдік, жәндіктер де кейіпкер бола алады.	Басты кейіпкер шығармада белсенді әрекетімен ерекшеленеді. Оның мінез-құлқы, іс-әрекеті басқалардан гөрі анық суреттеледі.	 

Өзгертіп айт

5.

Сөйлемдерді 3-жақта өзгертіп оқы.

Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып оқы.

Сонау көгеріп мұнартқан далада менің ауылым – елім бар. Қазір біздің ауыл қандай қызық! Жаңа сіз «қыран балапаны» дедіңіз.

Жоба жаса



6. Мына суреттердің қайсысы сағыныш сезімін тудырады? Мысал әңгіменің жобасын құраңдар.



Тыңда



7. Қасым Аманжоловтың «Туған жер» өлеңін тыңда. Ақынның сөздерінен қандай сезімді байқағаныңды түсіндір.

Дәлелде



«Шоқан Уәлиханов – кім?» тақырыбына таныстырылым дайында.



ЖЕР БАЙЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ



Әдеби шығарманың ерекшелігін ажыратамын.
Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалап үйренемін.

Ойлан

1. Ребусты шеш.



2. Өз жеріңде өндірілетін қазба байлықтар туралы не білесің?



Тұрсын Жұртбай – жазушы, ақын, ғалым. 1951 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Шаған ауылында дүниеге келген. «Дулыға», «Қоңыр қаз», «Жүрегімде жұмыр жер», т.б. кітаптары бар. Зерттеу еңбектері мен көркем шығармалары шет тілдерге аударылған.

Оқы

3. Мәтінді «Түртіп алу» әдісімен оқы.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін	Ойым бөлек	Жаңа ақпарат	Білгім келеді

Мысойған

Салқын самалды Сарыарқаның даласы. Арқасында асынған жол дорбасы, қолында қысқа қайласы бар бір жолаушы келеді. Әр төбенің басына шығып, күнге күйген тастарды балғасымен уатып, ұзақ үңіледі.



Белең астынан бір салт атты шыға келді де жаяу жолаушыға қарай бұрылды. Сақалы омырауын жапқан қарт екен.

– Ассалаумағалейкүм, ақсақал!

– Уағалейкүмассалам, балам! Жол болсын! Не іздеп жүрсің? Неге ат мінбегенсің?

– Е, атай, мінерлік көлік табылады ғой. Бірақ менің жаяу жүруім керек. Іздеген жезім тастың арасында.

– «Жез», – деймісің?

– Иә.

– Түсінікті, түсінікті. Үйге жүр, сусындап ал. Біздің ауыл мына Мысойғанда. «Іздеген жезім тас арасында» дейсің бе? Кел, мінгес атқа!

– Рақмет, ақсақал! Жаяу жүруге үйрендік қой.

Жаяу жолаушы – кен орнын іздеп жүрген геолог Қаныш Сәтбаев, атты адам – Арқаның тау-тасына қанық Берден қарт еді...

– Е, мына жердің «Мысойған» аталуының сыры бар. Баяғыда қазақ еліне жоңғарлар шабуыл жасапты. Сол ұрыста қазақтың атақты бір батыры жоңғар әскерімен шайқасқа түсіпті. Жоңғарлар сарбаздарды үш жақтан қыспаққа алыпты. Әлгі батыр кейін шегінуге намыстанады. Іштей

тәуекелге бел байлап, сарбаздарына шегінуге бұйрық береді. Қуғыншы жоңғарларға жалғыз өзі қарсы тұрып, қалың қолды ажалдан арашаламақ болады. Ыза кернеген батыр қолындағы айбалтамен жерді шауып-шауып жіберіпті. Сонда кішкентай төмпешік ойылып түседі. Батыр тағы бір ұрған екен, ойық тереңдей түсіпті. Сол кезде батырдың ойына бір қулық орала кетеді де ат-матымен әлгі шұңқырға түсіп, бұға қалады. Қалың қолдың шегінгенін көрген жоңғарлар қуыстағы батырдың екі жағынан шауып өте шығады.

Батыр атын тебініп қалады да жаудың ту сыртынан тиіседі. Мұны көрген қазақ әскері де кері бұрылып, жоңғарларды қыспаққа алыпты. Қыспаққа шыдамаған жау быт-шыт болады, бет-бетімен қашып, жеңіліске ұшырапты. Содан кейін үш жүздің баласы бірігіп, мына Ұлытаудың жартасына таңбаларын ойыпты.

Кейін батыр әлгі шұңқырға келсе, ішінде сап-сары бір нәрсе жатады. Ол – мыс екен. Ұсталар әлгі мыстан қажетінше ойып алып, керегіне жаратқан екен. Содан бастап бұл ара «Мысойған» аталып кеткен, балам!

Қаныш аңызды қызыға тыңдап, өңі бал-бұл жанды. Ол аңыздың ақиқат екеніне сенді. Бірде ақсақал оны Мысойған шұңқырына ертіп барады. Қаныш бұл шұңқырды ұзақ зерттейді. Мысойғанның түбінен жұдырықтай табиғи мыс қоспасын тауып алып, қапшығына салады.

... Кейін Мысойғаннан үлкен шахта ашылып, Жезқазған кенті құрылады.

Тұрсын Жұртбай



Қаныш Сәтбаев (1899–1946) – геолог-ғалым, минералогия ғылымының докторы, профессор, академик. Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы, тұңғыш президенті болған.

АББ

Мыс – қызғылт сары түсті, жұмсақ металл
Табиғи мыс қоспасы – құрамындағы басқа заттардан ажыратылмаған мыс кесегі
Ат-матымен – атымен бірге

?

4. Геолог мамандығының ерекшелігі туралы оқып бер.
5. Қ. Сәтбаев ғалым ретінде қандай жаңалық ашты?
6. Аңыз әңгіменің негізгі ойы не?

Тыңда



7. Мәтіннің соңғы сөйлемінде аталған Жезқазған кенті туралы қысқаша деректі тыңда.

Есіңе түсір



Аңыз – тарихта болған белгілі адамдардың ерлігі, халық үшін жасаған еңбектері, нақыл сөздері жайында ел аузында сақталып қалған әңгімелер.

8. Өзің оқыған аңыз кейіпкерлерін есіңе түсіріп, ата.

Бағала

9. Мәтіндегі аңыз кейіпкері – қандай адам?



Үлкендердің көмегімен *атқа мінгесу, тәуекелге бел байлау* сөз тіркестеріне анықтама жаз.



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ



Өз ойымды, сезімімді білдіремін.
Шығармалардың маңызды тұстарын талдауға қатысамын.



1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мереке атауларын еске түсіріңдер.



Түсініп оқы



2. *Тәуелсіз*, *тәуелді* сөздерінің мағынасын бір-біріңе түсіндіріңдер.

Қазақ халқына тәуелсіздік оңай келген жоқ. Тәуелсіздік үшін ата-бабаларымыз күресіп өтті.

Кеңес Одағының қыспағына ең алғаш 1986 жылы қазақ жастары қарсы шығып, наразылық танытты. Қазақтың намысшыл ұл-қыздары қуғынға ұшырап, тағдыр тауқыметін бастан кешті.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында барлық ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр.



Қалқаман Сарин – ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. 1978 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Архат ауылында дүниеге келген «Арманымның бейнесі», «Құс жолындағы керуен» атты жыр жинақтарының, «Жібек сезім – Жүрек сөзім» ұнтаспа жинағының авторы.

Түсініп оқы

Тәуелсіздік

Еркіндігім,
Қасиеттім,
Қастерлім!
Өзің барда өзегімде жоқ шер-мұң!
Кеше сенің келбетіңді арман қып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!
Уа, Еркіндік, қош келдің!..

Уа, Еркіндік!
Құның немен өлшенді?!
Сені көкsep боздақтарым өлсе, өлді!
Сенсің менің ең ғажайып өлеңім,
Ең шуақты,
Ең шырайлы,
Ең шерлі!
Әр таңыңды сүйіншілеп тұрайын
Құдай берген ғұмырымда өлшеулі!

Қалқаман Сарин



АББ

Бодан – бағынышты, тәуелді
Сүйіншілеу – қуанышты хабарды әкелу, сүйінші сұрау

3. Кестедегі сұрақтарға жауап бер.

Еркіндік неліктен «ең шуақты», «ең шырайлы», «ең шерлі»?	Ақынның жүрегі кімдер үшін сыздады?	«Еркіндіктің қыраны», – деп ақыннені меңзеп тұр?
--	-------------------------------------	--



Аллитерация – өлең жолдарындағы бірыңғай дауыссыз дыбыстардың ерекше мәнермен үйлесімді қайталануы. «Тәуелсіздік» өлеңіндегі аллитерациялар:

«Еркіндігім,
Қасиеттім,
Қастерлім!
Өзің барда өзегімде жоқ шер-мұң!
Кеше сенің келбетіңді арман қып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге
Аналардың жанарына жас бердің!..»

Аллитерация мақал-мәтел, жаңылтпашта да кездеседі.



Бақытжан Тобаяқов – ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. 1953 жылы Алматы облысы Кербұлақ ауданы Бостан ауылында дүниеге келген. «Кім болам?», «Алматы көшелері», «Металдар құпиясы» атты кітаптары бар.

Түсініп оқы

Тәуелсіздік әні

Ата-бабам аңсаған
Азаттықты қарсы алам.
Жер-жаһанға, ғаламға:
«Бостанмын!» – деп жар салам...

Азаттықтың ұраны –
«Алаш!» еді жыр-әні.
Қалықтайды көгімде
Еркіндіктің қыраны.
Желтоқсанның ызғары
Қариды ғой бізді әлі.
Құрбан болған құрбы үшін
Жүрегіміз сыздады.
Тәуелсіздік! Тәу етем,
Әуелетем, әндетем.
Азаттықтың ақ таңы
Өлшенбейтін мәнге тең.

Бақытжан Тобаяқов



АББ

Алаш – қазақ жеріндегі тайпалардың ең алғаш қауым болып біріккен одағы
Тәу ету – қасиетті нәрсеге басын иіп, тағзым ету



16-17 желтоқсанда Қазақстан Республикасында Тәуелсіздік күні аталып өтеді.



4. Өлеңдерде бостандық үшін күрестің құрбандары туралы не айтылған?



5. Бақытты, тәуелсіз өмір үшін кімдерге бас иіп, құрмет көрсетуіміз керек?



6. «Тәуелсіздік әні» өлеңінен аллитерацияны тауып, оқы.
7. Өлеңдерден өзіңе ерекше әсер еткен сөздерді теріп жаз. Себебін түсіндір.

Қорыт

8. Өлеңдердегі бостандық, тәуелсіздік, желтоқсан, азаттық, еркіндік ұғымдарына мына эпитеттерді сәйкестендіріп оқы: аңсаған, ызғарлы, баға жетпес, армандаған, шуақты, ғажайып.



«Көк тудың желбірегені» әнін (сөзін жазған – А. Ахметбек, әнін жазған – Е. Зейіпхан) хормен айтуға дайындалыңдар.



МЕН ДЕ ЕЛІМЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН



Түрлі шығармашылық жұмыс жасап үйренемін.
Әдеби көркемдегіш құралдарды анықтаймын.

Пікіріңді айт



1. Тұрған жерлеріңе қандай жақсы іс, қамқорлық жасау керек?

Есіңе түсір



Қадыр Мырза Әли (1935–2011) – ақын, аудармашы, жазушы. Орал облысы Жымпиты кентінде туған. Ақынның өлеңдерімен 2, 3-сыныптан бастап таныстың. Ақынның «Күміс қоңырау», «Домбыра», «Кішкентай Қожанасырлар», «Алуан-палуан», «Жаңғалақтар» атты жыр жинақтары бар.

Түсініп оқы

Арман

Азамат боп мен ертең
Ауылымды көгертем.
Біздің қазған каналға
Канал болмас келер тең.
Жерім жұмақ болады,
Бұлт мақта боп қонады.
Бір пұшпағы шөлейттің
Ақ күрішке толады.



Түрі өзгеріп түзімнің,
Жыры өзгерер күзімнің.
Әжем менің шай ішер
Саясында жүзімнің.
Бақпен бөгеп желіңді,
Жайнатамыз шөліңді.
Өмір сүріп не керек,
Көгертпесең еліңді?!

Қадыр Мырза Әли



АБВ

Ертең – келешекте, өскенде деген мағынада

Жұмақ – бұл жерде: әдемі, тамаша

Пұшпағы – бөлігі

Түзімнің – бұл жерде: «даламның» деген мағынада

?

2. Өлеңдегі кейіпкер нешінші жақтан сөйлейді?
3. Кейіпкер қандай қиын мәселелерді шешпекші?
4. Кейіпкердің арманын өз ойыңмен салыстыр.

Анықта

Сөз тіркесі	Аллитерация
Жерім жұмақ болады.	...
Түрі өзгеріп түзімнің.	...

Дәлелде

5. Өлеңге қай тақырып лайықты?

Менің арманым

Біздің арманымыз

Есіңе сақта



Эссе – өз пікірің, ойың жазылған шағын әдеби шығарма.

Эссе жазу үшін:

- тақырып болуы керек;
- өз пікірің болуы керек;
- пікіріңе дәлел сөз керек;
- басқа пікірлер болса, салыстыру керек;
- қорытынды ой болу керек.

Түсініп оқы

Біздің аула

(эссе)

Біз көпқабатты үйде тұрамыз. Маған бұл үйлердің әрқайсысы бір ауыл сияқты. Кешке қарай барлық бала аулаға шығады. Аулада әткеншек теуіп, футбол, волейбол ойнап жатқан балалардың көңілді дауыстары естіледі. Ойын алаңдарын ұқыпты ұстауға тырысамыз. Ауланы шашпаймыз, өзіміз қамқорлыққа аламыз.



Менің досым көп. Біз өте татумыз. Мен басқа жаққа кетсем, достарымды сағынамын. Бұл жерге жеткенше асығамын. Басқа достарым да солай ойлайтын болар.

Досыңның көп болғаны қандай жақсы!



6. Мұғалімнің көмегімен эссені жазу талаптары бойынша талдаңдар.



«Өз қаламды/ауылымды осылай өзгертер едім» деген тақырыпта сурет сал.

**ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР**

Тарау бойынша алған біліміңді тексеріп, бағалаймын.

1. Суретте кімдер бейнеленген? Ол кісілер туралы не білесің?



2. Кестемен жұмыс.

Жеңіл сұрақ	Күрделі сұрақ
«Ақдауыл хан» ертегісіндегі оқиғаның басталуына не себеп болды? Ертегінің басты кейіпкерін ата.	Ертегінің негізгі ойы қандай? Ертегідегі оқиға қалай аяқталды?



Ақдауыл ханның жүрген жолын сызба арқылы бейнелеп, сол бойынша мазмұнын әңгімеле.

3. Сөздікті қажет сөзбен толықтыр.



– суреттелетін затты шамадан тыс асырып айту тәсілі.

- а) аллитерация
- ә) кейіптеу
- б) әсірелеу

4. Өлеңнен аллитерацияны тап.

Әр ауылы – ән атау,
Жетісу – жер жаннаты.
Асқаралы Алатау,
Құшағында – Алматы.

Айбатыр Сейтақ

5. Сөйлемдегі *парыз* сөзін мәндес сөзбен өзгертіп оқы.

Туған жерді сырт жаудан қорғап қалу, соған күнілгері дайын тұру – парыз.

6. *Омбы, Василий Матвеевич, Ертіс, сағыныш* сөздерімен байланысты мәтіннің тақырыбын ата.

7. Бұл тұжырымдардың қайсысы қате?

Қадыр Мырза Әли – геолог.

Қаныш Сәтбаев – геолог.

Тұманбай Молдағалиев – ақын.

8. Өлең шумағын мағынасына қарай қажет сөздермен толықтырып оқы.

Туған ... – тағдырым,

... кетсем сағындым.

Сен ... жүректе

Таусылмайтын ән-... .

Қажет сөздер: алыс, елім, әрқашан, жырым.

9. Саяхат жетекшісі мен саяхатшы болып, суреттер бойынша сұрақ-жауап түрінде диалог құрыңдар.



10. Тараудың атымен байланыстырып, суреттерге тақырып табыңдар.



11. Кестені толтыр.


№	Эссе жазу үшін	Иә	Жоқ
1	Тақырып болуы керек.		
2	Өз пікірің болуы керек.		
3	Басқа пікірлермен салыстыру керек.		
4	Өз пікіріңді дәлелдеу керек.		
5	Қорытынды ой керек емес.		

12. Әр шығарманың басты кейіпкерін анықта.

Мәтін тақырыбы	Кейіпкерлері
1. «Мысойған»	Қ. Сәтбаев Берден қарт жоңғарлар
2. «Дала сұңқары қиырға қарайды»	Шоқан В.М. Кошелевский

Нені білесің:

- ◆ Оқу түрлерін қолдanasың.
- ◆ Көркемдегіш құралдарды қолданып үйренесің.
- ◆ Шығармашылық жұмыстарды сызба түрінде орындайсың.
- ◆ Шығарманы басқаша құрып үйренесің.
- ◆ Тыңдалған мәтін бойынша пікіріңді білдіресің.
- ◆ Оқиғаның дамуын болжайсың.



II. ҚҰНДЫЛЫҚТАР






ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТЫҢ ТӘЛІМІ



Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалаймын, салыстырамын. Әдеби шығарманың жанрын анықтаймын.

Пікіріңді айт

1. Берілген сөйлемдерді оқып, өз ойыңды айт.



Ұрпақ үшін мәндісі – ұлттық тұрғыдағы тәрбие. Әр халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері – **ұлттық құндылықтары** бар. Отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабамыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің орны ерекше.



Төле би (1663–1756) – би, шешен. Қазіргі Жамбыл облысы Шу өзенінің жағасында Жайсаң жайлауында дүниеге келген. Қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан құтқаруға атсалысқан. Төле бидің кесенесі өзі 12 жыл билік жүргізген Ташкент қаласында.

Түсініп оқы

Қазыналы қарттың тәлімі



Төленің жас кезі. Жотада мал бағып жүрсе, анадай жерде бес-алты аттылы кетіп бара жатады. Бала олардың алдынан шығып, сәлем береді. Орталарындағы ақ сақалды – «Қоңқа би» деген жасы жетпістерге келген кісі екен.

- Балам, бұл – қай ауылдың малы?
- Әлібек бидің.
- Анау үйездеп жатқан жылқылар кімдікі?
- Жыланкөз байдікі.
- Е, е, іздеп келе жатқанымыз – сол Жыланкөз бай еді.
- Менің де сол ауылға барар шаруам бар еді. Сіздерге ілесе барайын, – дейді Төле бала.

Олар жүріп келе жатып, сәске түсте көп жылқыны көреді. Жылқының көптігі соншалық – кіші бесінге дейін шетіне шыға алмайды. Сонда жолсерік бала:

- Ата, мынау жылқы қандай байдың жылқысы болды екен? Білесіз бе? – деп сұрайды.

Оған Қоңқа би:

– Қарағым, бұл – «Нысапсыз» деген байдың жылқысы, – дейді.

– «Нысапсыз» деген – қандай бай?

– Нысапсыз осы малды жия берген, жия берген. Бұл – нашарға, кедейге қайырымы жоқ байдың малы.

Олар одан әрі жүріп келе жатады. Кенет кең далада жайқалып өсіп тұрған қалың егіннің үстінен түседі.

– Ойпырым-ай, ата, мынау қандай адамның егіні болды екен? Көздің жауын ап, жайқала өсіп тұр ғой, – дейді бала.

– Ә, шырағым, бұл – «Қайырсыз» деген байдың егіні.

– «Қайырсыз» деген – бай ма? Қай ел болады, ата?

– О, шырағым, айтайын. Бай бір өзі пәлен адам жалдап, осынша жерді айдатты. Арзанға жұмыс істетіп, еңбегін бір жеді. Енді егінді біреудің еңбегімен орғызып, қырманға салды. Бастыртып, қамбаға құйды. Мұның бәрін өзі істемеді, біреуге істетті. Сонан соң елде астық болмай қалған жылы қымбатқа сатты. Өзі жан қинамай, үйде май шайнап жатты. Келесі жылы тағы егін ектірді. Енді екі есе адам жалдады. Жылдан жылға осылай кете берді. Одан жұртқа пайда жоқ. Ел ашыққанда, қымбатқа сатты. Мұның қайырсыз болатын себебі – осы. Түсініп ал, балам...

Төле би есейгенше сол жол үстінде жолыққан Қоңқа қартты үнемі құрметпен еске алып, өзіне ұстаз тұтқан екен.

«Даланың дара ділмарлары» кітабынан

АББ

Үйездеу – ыстық күні жылқының бастарын бір-бірінің көлеңкесіне тығып, топтанып тұруы

Кіші бесін – күн төбеден ауып, кешкірген кез

Нысапсыз – тойымсыз, қанағатсыз

Қайырсыз – қайыры жоқ, жақсылығы, шапағаты тимейтін

Жер айдау – жер жырту



2. Төле бидің Қоңқа қартқа сұрақ қойған жерінен бастап рөлге бөліп оқыңдар.

Салыстыр



3. Шығармадағы нысапсыз бай мен қайырсыз байдың іс-әрекетін салыстырыңдар.



4. Нысапсыз бай мен қайырымсыз байға қандай адами құндылықтар жетіспейді?

5. Мәтін неліктен «Қазыналы қарттың тәлімі» деп аталған?

6. Төле би Қоңқа қарттан қандай тәлім алды?

Анықта

7. Сөздің айтылуы мен жазылуын анықта.

Жылаңгөз	Жыланкөз
Төлө бій	Төле би

Есіңе түсір



Шешендік сөз – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан сөз өнері. Шешендік сөзде терең ой, даналық жатыр. Нағыз шешен тапқыр, әділ, топ алдында тайсалмай сөз бастайтын батыл, сабырлы болады.

Тұжырымда

8. «Атаның сөзі – ақылдың көзі» деген сөзді мәтіндегі негізгі оймен байланыстырып қорытындыла.



Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрып, жаз.



АДАМИ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕР



Өз ойымды, сезімімді салыстырамын.
Қатені тауып, түзетемін.

Ойыңмен бөліс



1. Өз ойларыңды түсіндіріп айтыңдар.

Сен үшін кім (не) қымбат?	Саған не қиын?
	



Қазыбек би (1667–1764) – мемлекет басқару ісіне белсене араласқан атақты би. Жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресті ұйымдастырушылардың бірі. Жоңғардың қолына түсіп қалған Абылай ханды тұтқыннан босатып алған. Ел ішінде оны «Қаз дауысты Қазыбек би» атап кеткен. Әз-Тәуке ханның кезінде еліміздің жаңа заңы – «Жеті жарғыны» жазуға атсалысқан.

Түсініп оқы

Не қымбат?

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат.
Мейірімді апаң қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат...

Қазыбек би



Салыстыр

2. Қазыбек бидің «қымбат» деген ойын өз тұжырымыңмен салыстыр.

Не қиын?

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.
Шанышқылаған сөз қиын,
Жазылмаса, дерт қиын.
Іске аспаған серт қиын...
Тентек болса, ұл қиын,
Не істеріңді біле алмай
Ашиды сонда бас, миың.

Қазыбек би

АББ

Дерт – ауру, науқас

Өлеңде **қайталау әдісі** қолданылады. Ақын бір нәрсені, құбылысты бірнеше рет қайталап, сөздің әсерін күшейте түседі. Мысалы:

*Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.*

Ойыңмен бөліс

3. Шешеннің «Тентек болса, ұл қиын» сөзін қалай түсінесің?
4. Қазыбек бидің сөздеріндегі қайталанып тұрған сөзге мән бер.



Айтеке би (1667–1700) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі. Қазақ елінің бірлікте, тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршы, кеңесші би болды. Айтеке бидің кесенесі Ташкенттен 75 шақырым жердегі Қауыншы және Шыназ ауылдарының маңында.

Түсініп оқы

Айтеке шешен

Артына аталы сөзі қалған, есімі ел жадында сақталған шешендердің бірі – Айтеке. Ол кезінде ел басқарған қоғам қайраткері де болған.

... Бір аңызда ауылына келіп отырған Төле би мен Қазыбек Айтеке баладан:

– Жігіттің жақсысы қандай болады? – деп сұрапты.

– Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген, – дейді Айтеке.

... Жер дауына байланысты Орманбет биге айтқан бір сөзінде Айтеке: «Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін. Батыр болсаң, жауға найзаң тисін. Бай болып, елге пайдаң тимесе, батыр болып, жауға найзаң тимесе, елден бөтен үйің күйсін», – деген екен.

«Ел аузынан» кітабынан

АББ


Орманбет би – Орта жүздің биі

Есіңе түсір

5. 3-сыныпта оқыған Әйтеке бидің ағайын-туыс, мінез-құлық туралы сөздерін есіңе түсір.




6. Шешеннің пікірін оқып, топтастыру сызбасын құраңдар.



Дәлелде

7. Асан нақыл сөздерді жатқа жазды. Оны оқыған Жанар қандай түзету жасар еді?



Тұжырымда

8. Шешендердің сөздерінен өзің үшін үлгі болатын сөзді анықта, тұжырым жаса.



Өзіңе ұнаған шешендік сөзді жаттап ал.



5 АТА-БАБА ТӘРБИЕСІ



Өз ойымды, сезімімді салыстырамын.
Оқу түрлерін қолданамын.

Есіңе түсір

1. Кішкентай Бауыржанға әкесі әдеп туралы қандай ескерту жасап еді?

Тұжырымдар	Иә/жоқ
«Ұшқан ұя» мәтінінің авторы туралы білемін. «Ұшқан ұя» мәтінінің мазмұнын есіме түсірдім.	



Бауыржан Момышұлы (1910–1982) – жазушы, әскери қолбасшы. Жамбыл облысы Жуалы ауданы Көлбастау ауылында дүниеге келген. «Кеңес Одағының Батыры», «Халық қаһарманы» атақтарын алған. Ерлікке толы ғажайып өмірі туралы естеліктер жазған. «Ұшқан ұя», «Ел басына күн туса», «Куба әсерлері» атты кітаптары бар.

Түсініп оқы

Ұшқан ұя

Менің бабам – Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан екі жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті – менің әкем Момыналы екен. Оны жұрт «Момыш» деп кеткен.

Әжемнің аты – «Қызтумас» еді. Қартайғанда «сары кемпір» атанған. Жарықтық аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен.



Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұба аруларды айттыруға ынтық болған.

Баласына қанша қатал болса да, әжем менің әкемді жақсы көріп, мақтан тұтып:

– Бұл қара баланың түрі маған тартпаса да, ақылдылығы тартты. Соған да Құдайға шүкір! – деп отырар еді.

Әкем айтыс қуып, әндетіп, жүре-жүре отыз үш жасында Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол – менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған. Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғана білемін...

Рәзияның тұңғышы – Үбіш. Онан кейінгілер – Үбиан, Сәлима, Әлима – кілең қыз бала болады.

Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше желтоқсанның жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті.

Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жекжат «Құтты болсын!» айтуға жиналып қалған екен.

– О, Момыш, балаңның бауы берік болсын!

– Ақментей бабасындай батыр болсын! – десіпті.

Сөйтіп, шілдеhana тойға ұласыпты. Той соңында Имаш атам алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен.

– Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіңдікі, – десіпті ақсақалдар.

Сонда Имаш бабам былай деген екен:

– Алатаудың қыраны мол еді –
Қырағы болсын құлыным!
Қойнауы суға мол еді –
Бұлағы болсын құлыным!

Ата тілегі оң еді –
Құмары болсын құлыным!
Бұл жер батырлар төрі еді –
Сыңары болсын құлыным!

Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен.

– Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді, – депті шешем ізетпен иіліп.

Атам еміреніп, мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып:

– «Құрық», – деп берсем, құл болма,
«Шыбық», – деп берсем, шіл болма.
Бәрінен де, шырағым,
Баяны жоқ ұл болма! –



деп келініне мені қайтарып берген екен...

Бауыржан Момышұлы

АББ

Айттыру – құда түсіп, қыз алып беру
Бата жөні өзіңдікі – батаны өзің бергенің жөн
Шіл болма – бұл жерде: «кішкентай дәрменсіз құс сияқты болма» деген мағынада

Пікіріңді айт

-  2. Мәтіннен жазушының отбасы мүшелеріне деген қандай сезімдерін байқадың?
-  3. Жазушы сәбидің дүниеге келуіне байланысты ұлттық дәстүрлердің қайсысын еске алған?
4. *Шілдеhana, бата* сөздерінің мағынасын түсіндір.

Білгенге маржан

Бата – ата-ана мен ақсақалдардың, ел ағаларының кейінгілерге білдіретін тілегі. Қазақ халқында батаның түрі көп. Мысалы: ел мен жерге берілетін бата, асқа берілетін бата, ақ бата, т.б.

Дәлелде

Бауыржан отбасындағы

а) тұңғыш бала; ә) ортаншы бала; б) кенже бала.

Бағала

5. Саған Бауыржанның бабасы берген ақ батаның қай сөзі ұнады?

6. Өз отбасыңда қандай әдет-ғұрып бар?

7. Үзіндіні 3-жақта (ол) өзгертіп оқы.

Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше желтоқсанның жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті.

Қорыт

8. Имаш атаның немересіне берген батасы, тілегі қалай орындалды?



Отбасындағы үлкендерден батаның бір түрін жазып алып, жатқа айтуға дайындал.



АНА ТІЛІМ – ДАНА ТІЛІМ



Мәтіндердің негізгі ойын анықтаймын.
Шығармашылық жұмысты сызба, таныстырылым түрінде ұсынамын.

Ойлан

1. Оқып, сөйлемдердегі ойды аяқта.

Менің ана тілім –

Біздің мемлекеттік тіліміз –

Әркім өз ана тілінде

Мен ойымды, қуанышымды, ренішімді ана

Мен ана тілімде ән

Әр ұлттың өз ана тілі



2. Осы пікірлермен келісесіңдер ме?



Мұзафар Әлімбаев (1923–2017) – ақын, аудармашы, балалар жазушысы. Павлодар облысы Шарбақты ауданы Маралды ауылында дүниеге келген. «Балдырған» журналының бас редакторы болып қызмет атқарған. Ақынның өлеңдерін, жаңылтпаштарын балалар қызығып оқиды.

Түсініп оқы

Ана тіліне тағзым

Ана тілі – біздің туған анамыз,
Анамыздай сыйлап, бағып-қағамыз.

Ана тілін бағаласақ қалай біз,
 Өзіміздің сондай болмақ бағамыз.
 Ана тілін кім аялай білмесе,
 «Анасынан безген ұл» деп қараңыз.
 Мұзафар Әлімбаев

АББ

Тағзым – ізет, құрмет, қошемет



3. Ақын ана тілін немен теңестіреді?
 4. Өлеңдегі «ана тілін бағалау, аялау» деген сөзді қалай түсінесің?



Ғафу Қайырбеков (1928–1994) – ақын. Қостанай облысы Торғай қаласында дүниеге келген. Ақынның «Дала қоңырауы» поэмасы, «Жұлдызды тағдырлар» жинағы, тағы басқа шығармалары бар. Шетелдік ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Түсініп оқы

Ана тілі

Бар қазақтың орман, көлі, өзені,
 Тау, қиясы, жалпақ, жазық, кезеңі.
 Сайрап, сөйлеп тұрған жоқ па қазақша?
 Қалай тозар сендік асыл сөз кені!..

Ана тілім – күшім менің, қуатым,
 Жырым сендік жүрегімнен туатын.
 Тауысар ма ырысыңды, қорыңды,
 Тізелесіп қатар жазса мың ақын!

Ғафу Қайырбеков

АББ

Сөз кені – бұл жерде: «сөз байлығы, қазынасы» деген мағына
Тізелесу – барлығы бірігу

Тыңда



5. Ақын Несіпбек Айтұлының «Ана тілі» атты өлеңін тыңда. Өлеңнің негізі ойын түсіндір. Ақын ана тіліне деген сүйіспеншілігін қалай білдірген?

Ойлан



6. «Тіл жанашыры» ретінде ана тіліңді дамыту үшін қандай ұсыныс айтар едіңдер?

Орында



7. Тіл мерекесіне арналған құттықтау хат дайындаңдар.




Отбасы мүшелерінің ана тілінде таза сөйлеу деңгейін диаграмма үлгісімен сызып дайында.

жақсы – 100%
 орташа – 50%
 нашар – 20%

Ана тілінде сөйлеу

Үлгі:





17 ҚАЗЫНА ИЕСІ – КІМ?



Оқиғаны болжаймын.
Шығарманы басқа үлгідегі нұсқамен салыстырамын.

Құра



1. Суреттердің мазмұны бойынша әңгіме құрап, оқиғаның шешімін ойлап табыңдар.
2. Өзің құраған оқиғаның шешімін қалай бейнелеуге болар еді?



Түсініп оқы

Ғажайып бақ

(ертегі)

Баяғы заманда Асан мен Қасен деген екі дос болыпты. Екеуі де кедей адамдар екен. Асан ұлтарақтай жеріне егін егіп, Қасен өзінің азғана малын бағып, күндерін көріпті. Екеуінің де әйелдері қайтыс болған екен. Асанның бар жұбанышы – ай десе, аузы, күн десе, көзі бар сұлу қызы, Қасеннің үміті – ержетіп қалған қайратты баласы болады.



Бір жылы көктемде Асан егін салуға қамданып жатқанда Қасен жұтқа ұшырайды: қыс аяғы қатты болып, азғана малы қырылып қалады.

Көзінің жасы көл болып, Қасен досына жылап келеді:

– Асан, сенімен қоштасайын деп келдім. Малым қырылып қалды. Енді қайыр сұрап, тентіреп кетем де, – дейді.

Бұл сөзді естігенде Асанның да көңілі босап, досын құшақтап тұрып:

– Екеуіміз жан деген жолдас едік қой. Менің егіндік жерімнің жартысы сенікі болсын. Қолыңа кетпен алып, тырбанып тіршілік қыл, – дейді.

Сол күннен бастап Қасен де егін салып, тіршілік етеді.

Күн артынан күн, ай артынан ай өтеді. Бір күні Қасен өзінің жерін қазып жүріп, кетпенінің темірге тигенін байқап, таңғалады. «Бұл не ғажап екен?» – деп тереңдетіп қазып жіберсе, ішіне толтырып алтын салынған бір қара қазан көрінеді.

Қасеннің қуанышы қойнына сыймай, қазанның құлағынан сүйрей, досының үйіне қарай жүгіреді.

– Сүйінші, Асан! – деп айғайлайды ол жүгіріп келе жатып, – Сүйінші, үлкен олжалы болдың. Мен сенің жеріңнен

ішіне алтын толтырылған қазан тауып алдым, енді кедейліктен құтылдым.

Асан оны қуана қарсы алып:

– Сенің адалдығыңды білем ғой, Қасен. Бірақ ол алтын менікі емес, сенікі. Сен оны өз жеріңнен қазып алдың ғой, – деп жауап береді.

Оған Қасен болмай:

– Мен де сенің пейілің кең, мейірімді кісі екеніңді білем ғой, Асан, бірақ сен жеріңді бергенмен, жеріңнің астындағы қазынасын берген жоқсың ғой, – дейді.

Бірақ Асан да көне қоймайды.

– Ардақты досым, жердің асты-үстіндегі қазынаның барлығы, сол жерге маңдай терін тамызып, еңбек еткен адамдікі, – дейді.

Алтынды алғысы келмей, екеуі ұзақ таласады.

Болжа

Алтынға байланысты дау қалай шешілетінін болжа.

Ақыры, Асан мынандай шешім айтады:

– Таласты қоялықшы, Қасен, сенің ұлық бар, менің қызым бар. Балалардың көңілі жарасып жүр ғой, сол екеуінің басын қосайық та алтынды соларға берейік. Тым болмаса, балаларымыз қиыншылық көрмесін, – дейді.

АББ

Тентіреп кету – қаңғырып, қайыр сұрап кету

Сүйінші – қуанышты жеткізген адамға берілетін сый-сияпат

Түсіндір

3. Мұғалімнің көмегімен «ұлтарақтай жер» сөзінің мағынасын түсіндір.

- а) көлемді жер
- ә) азғана, өте кіші жер
- б) ұлтараққа ұқсайтын жер

Есіңе түсір



4. «Ғажайып бақ» ертегінің қай түріне жатады?

Салыстыр



5. «Шығармалар кестесі» бойынша екі мәтінді салыстыр.

Сурет бойынша құрастырылған мәтін	«Ғажайып бақ» ертегісі
Авторлары	
Кейіпкерлері	
Оқиғаның басталуы	
Оқиғадағы мәселенің шешім табуы	

Қорыт

- 6. Асан мен Қасеннің қандай қасиеттері ұнады?
- 7. Қасеннің орнында болсаң, сен не істер едің?



Ертегі мазмұны бойынша жоспар құрып, жаз.



АҚЫЛ - ЖАСТАН



Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалаймын.
Тыңдалған мәтін бойынша пікір білдіремін.

Тыңда



1. «Ғажайып бақ» ертегісін оқыған балалардың пікірін тыңда.

Оқы

2. Ертегінің жалғасын түсініп оқы.

Ғажайып бақ (ертегінің жалғасы)



Аталары осы байламын айтқанда балаларының қуаныштан жүректері жарылып кете жаздайды. Жас жігіт жаңа түскен келіншегімен жеке отау болып, Қасеннің үйіне шығады. Қасен құдасының үйіне көшеді.

Келесі күні таңсәріден ерлі-зайыптылар алтын салған қазанды алып, аталарының үйіне келеді. Қабақтарында кірбің барын көрген Асан мен Қасен:

– Не болып қалды, балалар? Ертелетіп келген түрлерің жаман екен, – дейді.

– Аталары безген нәрсеге балалары ие болған жарамас. Біз алтынсыз да баймыз, – дейді екі жас.

Сөйтіп, бұлар қазанды үйдің ортасына әкеп қояды.

«Алтынды кім алуы керек?» деген талас қайта басталады.

Ақыры, алыста оңаша тұратын бір дана қарияға барып, жүгінбек болады.

Талай күн, талай түн жүріп, әлгі қарияның үйіне келеді. Айдалада жалғыз тұратын қарияның жұпыны ғана қараша үйі бар екен.

Қария төрге төсеген жыртық киіздің үстінде отыр. Оң мен солында екі-екіден төрт шәкірті бар.

– Жүгінуге келген екенсіңдер. Алыстан арнайы келген түрлерің бар, шаруаларыңды айтыңдар, – дейді қария келгендерге.

Бұлардың сөзін тыңдап алып, қария ұзақ үнсіз отырады да үлкен шәкіртіне бұрылып:

– Менің орнымда болсаң, мына кісілердің дауын қалай шешер ең? – деп сұрайды.

– Жер-дүниедегі қазынаның иесі – хан ғой, хан иеме апарып берер едім, – деп жауап қайырады үлкен шәкірт...

Қария оның жауабын ұнатпай, екінші шәкіртінен сұрайды.

Екінші шәкірт:

– Дауласқандар безген мүлік бидікі ғой, оны өзім алар едім, – дейді.

Қария бұрынғыдан бетер ренжіп, жүзін суытса да, сыр білдірмей, үшінші шәкіртінен сұрайды.

Үшінші шәкірті:

– Бұл алтынның иесі жоқ, оны ешқайсысы меншіктегісі келмейді. Сондықтан мен оны қайта жерге көмдіріп тастар едім, – дейді.

Қарияның жүзі әбден түнеріп кетеді. Ол енді ең кіші шәкіртіне қарайды.

– Артық сөзім болса, айып етпеңіз, ұстазым, – дейді кіші шәкірт. – Мен осы алтынды жұмсап, құлазып жатқан далада гүл жайнаған саялы бақ өсірер едім. Кем-кетіктер сол бақтың саясында тыныс алып, жемісін қорек етер еді, рақатын көрер еді.

Осы сөзді естігенде қария көзіне жас алып, орнынан тұрып, кіші шәкіртін құшақтайды.

– «Жасы кіші болса да, ақылы артықты аға тұт» деген сөз рас екен ғой, – дейді ол. – Сенің билігің әділ, балам. Осы

алтынды алып, хан ордасына бар. Содан соң ең жақсы тұқымдарды сатып алып, бағыңды өсір! Саған да, мына алтынға қызықпаған кең пейіл адал жандарға да кем-кетік, жарлы-жақыбай атаулы өмір-бақи риза болып, алғыс айтар...

«Қазақтың тәлімдік ой-пікір» антологиясынан

АБВ

Байлам – шешім

Қабақтарында кірбің бар – ренішті

Жұпыны – жүдеу, ескі

Жүгіну – даудың немесе мәселенің шешіміне ақыл сұрау

?

3. Алғашқы екі шәкірттің сөзін оқып, баға бер.
4. Үшінші шәкіртке қандай сұрақ қояр едің?
5. Неліктен қарияға үш шәкіртінің сөзі ұнамады?

Пікіріңді айт

6. Бесінші шәкірт болсаң, сен қандай шешім айтар едің?
7. Мәтел қай шәкірттің сипатын білдіреді:

Ақыл – жастан, асыл – тастан.

Ізде

8. Қарияның сөзінен мақалға лайықты сөзді тауып оқы.

Қорыт

9. Ертегіде жағымсыз кейіпкер бар ма?
10. Ертегіге басқаша қандай тақырып қоюға болады?

🏠

Ертегі кейіпкерлерінің адами жақсы қасиеттерін сипаттап жаз.

Ертегі кейіпкері	Кейіпкерге мінездеме
Асан	Адал дос, ...
Қасен	
Асанның қызы	
Қасеннің ұлы	
Шәкірттердің біреуі	



ЖАЗУ, СЫЗУ, ӨНЕР – АДАМНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ




Сюжеттің дамуын болжаймын.
Шығармашылық жұмысты сызба түрінде ұсынамын.

Ойлан



1. Қалай ойлайсыңдар, бұл – қай халықтардың жазуы?



Қазақ әліпбиі бірнеше рет өзгерді.



Түсініп оқы

Саң Жиенің әріп жасауы

(ықшамдап алынды)

Ертеде жер жүзінің ешбір жерінде жазу болмапты. Адамдар ағаш кертiп, жiп тую арқылы тындырған жұмыстарын санап, бұршақ дәндерiмен есеп айырысады екен. Тек бертiн келе Саң Жие деген кiсi әрiптi ойлап тауыпты.



Саң Жие патшаның қоластындағы беделді адам екен. Патша оған қазынаның малы мен қамбадағы астықты басқаруды тапсырады. Ол – өте зерек, тыңғылықты адам екен. Патша оған ауланған аңның бөлінуін, тайпадағы адамның көбейіп, азайғанын есепке алуды міндеттепті. Елдегі жан басының үздіксіз артуына, зат түрлерінің тоқтаусыз өзгеруіне байланысты оларды ағаш кертіп, жіп түйіп есепке алу мүмкін болмай қалыпты.

Саң Жие қиындықтан шығудың жолын іздей бастапты. Алғашында тындырған жұмыстарын түрлі түсті жіптермен белгілеп көріпті. Ал заттар азайып, оны кеміту керек болғанда, түйінді шешу тіпті машақатқа айналыпты. Ол қанша бас қатырғанымен, ешбір амал таба алмапты. Кейін анасы оған ел аралап, көп нәрсе үйреніп келуге ақыл беріпті.

Жолға шыққан Саң Жие үш жолдың торабына келеді. Үш қарт аңшы қай жолмен жүрерін білмей тұр екен. «Шығысқа қарай жүрейік, онда елік бар», – дейді аңшылардың бірі. «Жоқ, солтүстікті бетке алайық, алдымыздан үйір-үйір бұғы кездеседі», – дейді тағы бір аңшы. «Ең дұрысы – батысқа қарай жүру керек, онда екі үлкен жолбарыс бар», – дейді үшінші аңшы.

Саң Жие бұған таңғалады. Сосын: «Алдыда жолбарыс бар екенін қайдан білдіңіз?» – деп сұрайды аңшыдан. Аңшы оған жердегі жолбарыстың ізін көрсетіп: «Мынау анық меңзеп тұрған жоқ па?» – дейді. Сөйтсе, әр аңшы әртүрлі аңның іздерін байқап, келісе алмай тұрған екен.

Сонда Саң Жие: «Иә, әр аңның ізі сол аңға белгі болып тұр. Әр затты белгілеу керек екен» деген ойға келеді. Қуанышы қойнына сыймай, Саң Жие сол арадан кері қайтады.

Болжа

Саң Жиенің неге қуанғанын болжап, ертегіні өзіңше аяқта.

Үйіне келген соң әртүрлі белгілер жасап, әрқайсысын әр затқа белгі етеді. Айналасындағы сансыз заттардың тұрпатын негізге алып, күндіз-түні тынбай белгі жасаумен болады. Мысалы: ұясынан жаңа көтеріліп келе жатқан Күнді дөп-дөңгелек от шарға ұқсатып, үлкен дөңгелек сызады да ортасына нүкте қояды. Айналадағы нәрселерді жіті бақылаған ол ақыры әріпті ойлап табады. Уақыт өте келе әріптері көбейе береді. Оның мұндай іскерлігін көрген патша оны марапаттайды. Қолға алған ісін қызу қолдап, әр тайпаның әріп үйренуін талап етеді. Ел де Саң Жиені құрмет тұтып, атағы бұрынғыдан да аспандай түседі...

Қытай тілінен аударған – Серік Нұғыман
«Балдырған» журналынан

АББ

Жіті – мұқият, ұқыпты

Орында



2. Саң Жие ойлап тапқан белгілер қалай аталады?
3. Ертегі мазмұны бойынша жоспар жаз.

Бағала

4. Саң Жие – қандай адам?

Орында



5. Сөзді, сөйлем мазмұнын сызба, сурет немесе таңба арқылы белгілеңдер:

<ul style="list-style-type: none"> - әуежай; - орманда үй бар; - шайхана; - дәріхана 	<ul style="list-style-type: none"> - бір жол оңға кетеді, бірақ өте терең су бар; - бір жол тура кетеді, шұңқыры көп, тегіс емес. 	<ul style="list-style-type: none"> - 100 км жүргеннен кейін теңіз айлағы, кемелер бар; - такси тұрағы.
--	---	--



6. Әліпбидегі әріптерді саусақ немесе қол қимылымен көрсетіп, шешуін бір-біріңнен сұраңдар.

Қорыт

7. Кесте бойынша жауап бер.

Тұжырымдар	Иә/жоқ
Саң Жиеге патша әріп жасауды бұйырады.	
Саң Жие корей халқының әрпін жасады.	
Саң Жиенің әріп жасауына жануарлардың ізі себеп болды.	

8. Адамзаттың жазу-сызу өнерінің жаңа технологияға дейінгі даму жолын суреттерге қарап айт.



Көне жазу үлгілері туралы қызық деректерді тауып оқы.



«ЖАҚСЫ» ДЕГЕН - НЕМЕНЕ? «ЖАМАН» ДЕГЕН - НЕМЕНЕ?



Сюжеттің дамуын болжап, себебін түсіндіремін.
Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалаймын.

Дәлелде

1. Сурет мазмұны бойынша өз ойыңды айт. Дәлелдеп түсіндір.



Пікіріңді айт

2. Балалардың қандай жағымсыз қылықтары бар?



Бердібек Соқпақбаев (1924–1991) – балалар жазушысы. Алматы облысы Нарынқол ауданы Қостөбе ауылында дүниеге келген. «Он алты жасар чемпион», «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым – Қожа», «Жекпе-жек» секілді халыққа кеңінен танымал шығармалардың авторы.

Түсініп оқы

Шал мен бала

Трамвай қоңырауын шылдыр-шылдыр еткізіп, қала шетіндегі ең соңғы аялдамаға тақалды. Жұрт орындарынан түрегеп, есікке қарай бейімделді.

Орта тұста отырған бүкірлеу, қаба сақал кішкентай шал да трамвайдың әбден тоқтауын күтпей, имек бас таяғына сүйеніп, ілгері қарай жүрді. Бір қолында – тағам салған сөмкесі. Кенет трамвайдың жүрісі күрт баяулағанда шал ілгері лықсып, құлай жаздады. Оның арт жағына таман тақырбас кішкене бала тұр еді. Ол шалдың қолтығынан шап беріп ұстап үлгерді.

– Рақмет, балам!

Әлгі бала шалды трамвайдың басқышынан да демеп, сүйеп түсірді.

Бұл – көз байланып қалған кешкі мезгіл еді. Әлгіндегі долы нөсерден кейін жер беті шалшық суға толып, лайсаң батпақ болып қалған. Бұлтты аспан әлі де сыз бүркіп, түнере салбырап тұр.

Шал көлкіп жатқан судан қорынып, қалай қарай аяқ басарын бағдарлай алмай тұр.

– Ата, бері қарай жүріңіз, – деп жаңағы бала шалды қайтадан келіп қолтықтады. – Сөмкеңізді маған беріңіз. Мен алып жүрейін.

Бейтаныс баланың көргенділігі шалды сүйсіндірді.

– Сен қай баласың?

– Мен сіздің үйдің жоғарғы жағындағы көшеде тұрамын. Сіздің Сашаңыз екеуіміз бірге, бір сыныпта оқимыз, – деді бала.

– Жарайсың, балам. Азық-түлік алайын деп базарға барып едім. Күн жауып, кешігіп қалғаным. Ал менің Сашам қалай оқиды, соны айтшы!

– Жақсы оқиды.

– Сыныпта тыныш отыра ма? Тәртіп бұзбай ма?

– Жоқ.

– Міне, солай болу керек. Тәртіпті болып, жақсы оқу керек, – деп әңгіме соғып келеді. – Осында, біздің көшеде, тәртіпсіз балалар да жоқ емес. Бөтен біреудің бауынан шие ұрлайды. Шиенің өзін ғана үзіп алса, ештеме емес қой. Бұтағымен қоса сындырып әкетеді.

Әнеугүні біреуін аңдып тұрып, ағашқа енді өрмелей бергенде ұстап алайын деп едім. Секіріп түсіп, ұстатпай кетті. Мына сен секілді ақылды балалар оларға айтуларың керек. «Бұларың тәртіптілікке жатпайды, ұят қылық! Ұрлық – жақсы адамның кәсібі емес», – деп ұялтып, қызартуларың керек. Солай емес пе?

– Иә, – деп, бала міңгір еткен болды.

Осы кезде бұлардың алдынан бір бала қараңдап шыға келді. Ол – шалдың немересі – Саша еді. Атасын күтіп алмақ болып, трамвай аялдамасына қарай кетіп бара жатқан.

Үшеуі шалдың үйіне дейін бірге жүріп келді.

– Ал, ата, қош болыңыз! – деп, бала шалға қош айтысты.

– Рақмет, балам. Саған көп рақмет! Сен болмағанда мен көшедегі мына шалшық сулардың талайын мыжитын едім. Жасың ұзақ болсын, шырағым.

Осы кезде шалдың немересі күліп:

– Ата, сіз әнеугүні бұны құйрыққа оңдырмай ұрып жіберіпсіз ғой, – деді.

– Қашан?

– Әнеугүні, шие үзейін деп жатқанда.

Шалдың үні бітіп қалғандай болды. Балаға тесіле қарап тұр.

Болжа

Сюжеттің дамуын өз болжамыңмен жалғастыр.

– Әй, сол – сен бе едің?

– Иә, мен едім, атай. Сіз сонда оңдырмадыңыз мені.

Шал баланы құшақтап, бауырына қысты.

– Кешір, айналайын. Мен сені ұрайын деп ұрған жоқпын ғой. Өзіңнен болды. Тұра қашпай-ақ, нетсең де... Кешірім сұрасаң да, тимеймін ғой.

– Ата, сіз де кешіріңіз.

Үйге келгеннен кейін шал немересінен сұрады:

– Аты кім жаңағы баланың?

– Аты – Мәулен.

– Сабақты қалай оқиды?

– Сыныбымыздағы ең бірінші үздігіміз, – деді Саша.

– Қап, бекер ұрған екем. Бәсе, сондай үлгілі бала екені білініп тұр. Сотанақ бала болса, сол таяқ жеген бетінде менімен өштесіп кетер еді ғой. Ал мынаны қарашы. Қайта маған жақсылық істеп, балшыққа түсірмей, үйіме ертіп әкеле жатыр. Дегенмен көргендінің аты – көргенді-ау, шіркін! «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі», – деп халық тегін айтты дейсің бе?!

Бердібек Соқпақбаев

АББ

Көргенділік – тәрбиелілік
Қорыну – жасқану
Бейтаныс – таныс емес, бөтен

?

3. Мәтінді оқыған кезде қандай сезімде болдың?
4. Мәулен атайдан неліктен бірден кешірім сұрамады?

Түсіндір

5. Мәулен шалға неліктен көмектесті?

- а) өз кінәсін мойындағандықтан;
- ә) Сашаның атасы болғандықтан;
- б) Мәулен кімге де болса көмектесер еді.

6. Сашаның атасының «көргендінің аты – көргенді-ау» дегенін қалай түсінесің?

Бағала

7. Мәулен осы сөзге лайық па? Не себепті?

Сәйкестендір

8. Мәтінге сәйкес келетін суретті анықта.



Оқы



9. Мәтіндегі негізгі ойды білдіріп тұрған мақал-мәтелді дауыс ырғағымен ерекшелеп оқы.

Жаманға шөп батады, жақсыға сөз батады.

Жақсылық қылсаң, бүтін қыл.

Жаман дос – көлеңке.

Еңбегің қатты болса,
Жегенің тәтті болады.

Қорыт

10. Әңгімеден қандай ой түйдің?



«Адамгершілік» тақырыбына мақал-мәтелдер жаз.



21 УАҚЫТ - БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ



Өлеңнің тақырыбы мен негізгі ойын анықтаймын.
Ақпаратты сызба түрінде көрсетемін.

Білімді қолдан

1. Бұл тұжырымдармен келісесің бе?

№	Тұжырымдар	Иә	Жоқ
1	Уақыт өлшенеді.		
2	Уақытты бағындыруға болады.		
3	Уақыттың жылдамдығына теңеу сөз таба аламын.		
4	Уақыттың жылдамдығына эпитет сөз таба аламын.		
5	Уақытты үнемдеуге болады.		
6	Уақытты азайтуға, қосуға, бөлуге, көбейтуге болады.		
7	Уақыт жалқаулықты көтермейді.		

Ойыңмен бөліс

2. Өзің уақытты тиімді пайдаланып жүрсің бе?



Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – ұлы ақын. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Семей өңіріндегі Шыңғыстауда дүниеге келген. Оның шығармалары дүниежүзінің көптеген тіліне аударылған. Абайдың өлеңдері, әндері, қарасөздері, аудармалары ел арасында кең таралған.

Түсініп оқы

Жасымда ғылым бар деп ескермедім

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
 Пайдасын көре тұра тексермедім.
 Ержеткен соң түспеді уысыма,
 Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
 Бұл мақрұм қалмағыма кім жазалы?
 Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
 Адамның бір қызығы – бала деген,
 Баланы оқытуды жек көрмедім.
 Баламды медресеге: «Біл!» – деп бердім,
 «Қызмет қылсын, шен алсын!» – деп бермедім...

Абай

АББ

Мақрұм – бос қалу, құр қалу**Медресе** – ислам дінін оқытатын орта және жоғары оқу орны**Шен алу** – дәреже, атақ алу

3. Өлеңдегі кейіпкер не үшін өкінеді?



4. Өлеңдегі ақынның сұрағына қалай жауап берер едіңдер?

Абайдың он бесінші қарасөзінен*(ықшамдап алынды)*

... Әуелі пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей, жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы... Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол, баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен-дағы... Күнінде өкінгені пайда болмайды екен...

Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса, жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен?..







5. Сұраққа жауапты кесте, сызба түрінде бейнелеп көрсетіңдер.

Ақын айтқан «орынды істер-ге» не жатады?	«Баянсыз, бағасыз іске» не жатады?
--	------------------------------------



6. 3-сыныпта оқыған М. Жұмабаевтың «Балалық шақ» өлеңін тыңда.

7. Айбар 5 сағат бос уақытын қалай пайдаланғанын диаграмма бойынша түсіндір. Өзің үшін қандай қорытынды шығарасың?

- Ойын 
- Үй ішіне көмектесу 
- Үйірме 
- Күндізгі ұйқы 



Есіңе түсір



Өлең ұйқасқа құрылған шумақтан, тармақтан тұрады. Лирикалық өлеңнен ақынның сезімдері мен ойын түсінесің. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер – ақынның өзі.

Қорыт

8. Мұғалімнің көмегімен бұл мәтіндердегі негізгі ортақ ойды бір сөйлеммен айт.



Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» әнін тыңда. Үлкендердің көмегімен «Абай әндері» тақырыбына тізім жаз.



МЕН БАҚЫТТЫ БАЛАМЫН




Кейіпкердің іс-әрекетін бағалаймын.
Оқиғалардың маңызды тұстарын талдап, салыстырамын.

Пікіріңді айт



1. Сызба мазмұны бойынша ойларыңды айтыңдар.



2. Отбасында, өмірде бақытты болу үшін не істер едің?

Түсініп оқы

«Бақыт» деген – не?

(түрік халқының ертегісі)

Ертеде бір бозбала болыпты. Ол өзінің кедейлігін айтып, үнемі мұңаяды екен.

– О-ой, шіркін-ай, мол байлығым болса, өмірім де жақсы болар еді. Бақытты болып, қызық дәурен сүрер едім! – деп армандайды екен.

Бір күні үйінің жанынан өтіп бара жатқан тас қалаушы шебер бозбаланың сөзін естіп қалады. Қасына барып:



– Сен неге соншама қайғыра бересің? Сенің мол байлығың бар ғой, мұңая берме, – дейді.

– «Менің байлығым бар», – дейсіз бе? – деп бозбала таңғалады. – Қайда ол байлық? Қандай байлықты айтып тұрсыз өзіңіз?

– Сенің баға жетпес байлығың – айналаңды анық көретін көздерің, – дейді қария. – Бір көзіңді қанша ақшаға сатар едің? Немесе ақысына басқа не сұрайсың? – дейді шебер.

– Не айтып тұрсыз? – деп бозбала шошып кетеді. – Мен көзімді ешқандай ақшаға да, басқа қымбат дүниеге де бермеймін.

– Жарайды, – дейді тас қалаушы. – Онда қолдарыңды кесіп, сат. Ақысына көп алтын аласың.

– Жо-о-оқ! Жоқ! Мен қолдарымды да ешқандай алтынға бермеймін, – дейді бозбала безілдеп.

– Е, балам, менің ойымды енді өзің де түсінген шығарсың, – дейді тас қалаушы қария. – Сен өте бай, нағыз бақытты адамсың. Қайғыра берме. Көпті көрген мен сияқты қарттың сөзіне сен. Адамның ең зор байлығы –

денінің саулығы. Денсаулықты ешқандай ақшаға сатып ала алмайсың. Дені сау адам – ең бақытты адам! – деп қария бара жатқан жолымен әрі қарай жүріп кетіпті.

Аударған – Түгел Мәденұлы

АБВ

Бозбала – жеткіншек



3. Бозбала тас қалаушының сөзінен не түсінді?

4. «Дені сау адам – ең бақытты адам!», «Денсаулық – зор байлық» деп неге айтылған?



5. Екі кейіпкердің кездескен сәтінен бастап рөлге бөліп оқыңдар.

Талдау жаса, дәлелде



6. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, пікір алмасыңдар.

7. Тас қашайтын шебер мен бозбаланың мінез-құлқын салыстырыңдар.



8. Неліктен денсаулықты сатып алуға болмайтынына дәлел келтіріңдер.

Тұжырымда

9. Кесте бойынша тұжырымыңды айт.

Мәтінде маған үлгі болған сөз (мақал-мәтел)	Менің қорытынды ойым



Денсаулығыңды күтуге арналған ереже құра. Денсаулық туралы мақал-мәтел жаз.

**ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР**

Тарау бойынша өз біліміңді тексеріп, бағалаймын.
Өткен сабақтарды қайталап, есіме түсіремін.



1. Осы бөлімде танысқан құндылықтарды атап шығыңдар.
Құндылықтардың адам өміріндегі маңызын түсіндіріп айтыңдар.

2. «Ғажайып бақ» ертегісіндегі кейіпкерлерді есіңе түсіріп, жақсы қасиеттерін ата.

3. Қазақ әліпбиінің тарихы туралы не білдің?

4. Шешен сөзді жатқа айт.

5. Көп нүктенің орнына қажет сөзді жаз.

Үлкенге – ... (көмек, құрмет)

... белгісі – иіліп сәлем бергенің. (әдемілік, әдептілік)

6. Үлгіге қарап, берілген сөздерден мағыналы тіркестер құрап жаз.

Сөз	Қажет сөз	Сөз тіркесі
тағзым	қарт	қарттың тәлімі
нысапсыз	тіл	...
тәлім	бай	...

7. Саң Жие халқы үшін қандай құнды жаңалық жасады?

8. Сөйлемдерді толықтырып айт.

- «Ғажайып бақ» – ... ертегісі.
- Ертегіде қария ... сөзіне риза болды.

9. Оқып, үзінді қай мәтіннен алынғанын есіңе түсір.
Бұл – кімнің сөзі?

«...Дегенмен көргендінің аты – көргенді-ау, шіркін!
«Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі», – деп халық тегін
айтты дейсің бе!»

10. «Көпті көрген қарт» сөзінің мағынасы:

- а) дана қария;
- ә) көп жерге саяхаттаған адам;
- б) көз жанары жақсы көретін адам.

11. Сөзжұмбақты шеш.

1) Осы бөлімдегі ортақ тақырып қалай аталады?

2) Төле }
Әйтеке } ...
Қазыбек }

3) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім». Қай ақынның өлеңі?

4) Эпитет сөзге сұрақ қой: қазыналы қарт, шешен адам, әділ би.

5) Ақынның суреттелетін затты шамадан тыс асырып айту тәсілі.

1.										
2.										
3.										
4.										
5.										

Нені білесің:

- ◆ Қажет ақпаратты тауып, талдайсың.
- ◆ Оқу түрлерін қолданасың.
- ◆ Шығарманың оқиғасын болжайсың.
- ◆ Шығарманы иллюстрациялық нұсқасымен салыстырасың.
- ◆ Оқиғаның маңызды тұстарын талдайсың.
- ◆ Сөйлеу барысында мақал-мәтелді, өлең жолдарын қолданасың.
- ◆ Әдеби көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтайсың.
- ◆ Кейіпкердің іс-әрекетін бағалайсың.
- ◆ Шығармашылық жұмыстар жасайсың.



III. МӘДЕНИ МҰРА





МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ



Түрлі шығармашылық жұмыстар жасаймын.
Оқу түрлерін қолданамын.
Мәтін бөліктеріне ат қойып, жоспар құрамын.

Әңгімеле



1. Суреттерде адамзат дамуының қай кезеңдері бейнеленгені туралы әңгімелеңдер.



Ойлан

2. Адам тіршілігі мен мәдениетінің заман өткен сайын дамып отыруына не себеп болды?

Білгенге маржан



Мәдени мұра – жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі. Бабаларымыздан бүгінге дейін жеткен тарихи ескерткіштер, көне қалалар мен жазбалар, ұлттық спорт, ойын, өнер түрлері, қару-жарақ, бұйымдар, ауыз әдебиетінің түрлері, мерекелер мен әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мәдени мұраға жатады.

Түртіп алып оқы

Ер қаруы – бес қару

Адамның ең алғашқы құралы кәдімгі жұмыр таяқ болыпты. Оны жеуге жарайтын тамырлардың түбін қопаруға пайдаланған. Сонымен қатар өзіне қауіп-қатер төндірген жыртқыш аңдардан сол таяқпен қорғанған. Келе-келе жай таяқтан гөрі бас жағы жұмыр, салмағы ауыр шоқпардың мықтырақ екеніне көзі жеткен.

Айналасында болып жатқан құбылысты жіті қадағалап, адам талай нәрсені өз пайдасына жарата бастаған. Қой, ешкі, жылқы, түйелерді қолға үйреткен. Солардың етін, сүтін, терісін, жүнін, күшін пайдаланған.

Жерге түскен дәннің өніп шығатынын байқап, дән сеуіп, бидай өсіре бастаған. Тақырдан гөрі қопсытқан жерге тастаған дәннің шығымды болатынын аңғарып, ағаш соқаны ойлап тапқан. Жанартау атқылаған сәтте қыпқызыл от болып етекке құлаған жойқын тасқын суыған соң қатты затқа айналатынын көрген. Сөйтіп, қалайы, мыс, қола, темір өндіріп, пайдалану тәсілдерін игерген. Ағаш соқадан гөрі темір соқаның әлдеқайда төзімді, өткір екенін анықтаған.

Жүйрік жабайы аңдарды алыстан атып құлату үшін садақты ойлап тапқан. Садақ жебесінің ұшына темір бекітсе, әрі алысқа ұшатынын, әрі көздеген нысанаға дөп тиетінін білген. Үсті шөппен жабылған апанға өздері қуып әкеліп құлатқан зіл сияқты өте ірі аңның етін бөліп алу үшін айбалта қажет екеніне көздері жеткен.

Алғашқы адамдар топтасып жүріп тіршілік еткен. Кейін адамдар көбейе келе, туыстық жағынан ру, тайпа болып біріккен. Осы тұста жейтін тамақ, ішетін су үшін, шұрайлы жер, аңы көп орман-тоғай үшін, балығы мол өзен-көл үшін бір ру екінші руға, бір тайпа басқа тайпаға көз алартып, соғыс ашатынды шығарған.

«Ер қаруы – бес қару» аталатын батырдың, жауынгердің бойынан табылатын қаруларға *шоқпар, садақ, найза, қылыш, айбалта* жатады.

Өтебай Қанахин

АББ

Жіті қадағалау – назар салып бақылау
Нысанаға дөп тию – көздеп атқан нәрсесіне тигізу

?

3. Адамдар бес қаруды не мақсатпен жасады?
4. Қарапайым құралдың сапасы қалай жетілді?

Салыстыр

ff

5. Мәтін мен суреттердің мазмұнын салыстырып әңгімелеңдер.

Құра

ff

6. Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрыңдар. Жоспардың әр бөліміне ат қойыңдар.

Өзгертіп оқы

7. «Жүйрік жабайы аңдарды...» деген сөздермен басталатын абзақты 1-жақта, көпше түрде өзгертіп оқы.

8. Қатені тап. Сөз тіркестерінің дұрысын жаз.

Сөз тіркестері	Дұрысын жаз
Қылышпен шапты. Қылышпен түтті.	
Шоқпармен шапты. Шоқпармен ұрды.	
Найзамен түйреді. Найзамен кесті.	
Садақпен атты. Садақпен шаншыды.	
Айбалтамен шапты. Айбалтамен ұрды.	

Бағала



9. Адамның ойлап тапқандарының барлығы тек жақсылыққа қызмет етті ме? Қазіргі заманнан мысал келтіріп айтыңдар.

Ғылым-білім жаңалығы	Адамға пайдасы мен зияны



«Мен бейбіт өмірді сүйемін» тақырыбында ойыңды жаз.

**АУЫЗ ӘДЕБИЕТИ - ӨШПЕС МҰРА**

Таныстырылым жасаймыз.
Оқиғаның маңызды тұстарын талдаймыз.

Пікіріңді дәлелде

1. Кесте бойынша жауап бер.

Тұжырымдар	Иә	Жоқ
<p>Ауыз әдебиетінің түрлерін кішкентай кезімізден білеміз.</p> <p>Ауыз әдебиеті – ауызша тараған, авторы белгісіз әдеби шығармалар.</p> <p>Мен биыл ауыз әдебиетінің бір түрімен таныстым.</p> <p>Ұлы адамдар да ертегі, жұмбақ, жыр, аңыздарды тыңдап, оны айтып өскен.</p> <p>Ауыз әдебиеті – қазақ халқының мәдени мұрасы.</p>		



2. Тақырып таңдап, таныстырылым жасаңдар.

а) «Әжем не атам айтқан ертегілер».

ә) «Ертегімен өскен баламыз» (мультфильм кейіпкерлері, тағы басқалар).



б) «Ертегілер елінде» (бірнеше кейіпкерді дыбыстап немесе қимылмен көрсетіп бейнелеңдер).



Мұхтар Әуезов (1897–1961) – жазушы, ғалым, ұстаз. Бұрынғы Семей облысы Абай ауданында дүниеге келді. Мұхтардың балалық шағы Абай, Шәкәрім сияқты ұлылар туған, өмір сүрген жерде өтті. «Абай жолы», «Еңлік-Кебек», «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек» сияқты белгілі шығармалары бар. Жазушының кітаптары дүниежүзінің көптеген тілдеріне аударылған.



М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында данышпан ақын Абайдың өмірін жазған. Төрт томдық романның 1-кітабы бала Абайдың өмірін суреттеумен басталады.

Түсініп оқы

Бала Абай



Абай Ұлжан, Зере аналарын көңілдендіріп, тағы әңгіме, жырлар айтқызу үшін кейде өзі қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп-Зылиха» сияқты қиссаларды оқып береді. Әндетіп, мақамдап оқиды. Шешелеріне түсініксіз болған түркі тілінің сөздерін жолшыбай қазақшалап отырады.

Бірде Абайлардікіне екі бөгде қонақ келіп қонды: бірі – қартаң, екіншісі – жас қонақ. Жасын Абай таниды. Ол – былтыр жайлауға келіп, осы үйде үш күндей жатып «Қозы Көрпеш–Баян сұлуды» жырлап берген «Байкөкше» деген жыршы еді. Ал қасындағы қартаңдау кісіні Абай білмегені-

мен, шешесі жақсы таниды екен.

Қонақтарымен жай сұрасып, амандасып болған соң, Ұлжан Абайға қарап жымыып:

– Ал, балам, әжеңмен екеуімізді қажай беруші едің, әңгіме-жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі – «Барлас» деген ақын, – деді...

Үй іші тегіс қош алған соң, екі ақын да оңай шешілді. Осы түнде ас пісіргенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп, білмеген ең бір сұлу, ең бір әсерлі жыры еді. Барлас жырын бітіріп, қол жуғалы қамданған уақытта Абай:

– Мұны айтқан – кім? Осы өлеңді шығарған – кім екен? – деп, бағанадан бері өзін сүйсіндірген ақынның атын білмек болды.

– Әріден келе жатқан деседі-ау, балам, мұның түбін.

Ертеңінде жүруге ыңғайланған екі ақынды Абайдың тілегі бойынша Ұлжан жібермеді.

– Жүрмеңдер. Асықпай, әлі біраз күн қонақ болып жатып кетіңдер, – деді. Бұл – Абайдың тілегі. Абай бұрын тағылым, үлгі – кітапта; білім, өнер – медреседе ғана деп түсінетін... Қалай да болса, Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болды.

Абай күндіз де, түнде де Барластардың қасынан шықпайды. Бала Абайдың ұғымтал, зеректігіне қатты риза болып, шын сүйсінген Барлас бір оңашада жай ғана тақпақтап:

Шырағым, ер жетерсің,
Ер жетсең, сірә, не етерсің?!
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің, –

деп еді.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» кітабынан

АББ

Мақамдап – мәнерлеп, ырғағына келтіріп оқу
Барабар – тең келетін, пара-пар, бірдей



3. Мәтіннің мазмұны бойынша Абайдың ауылында қандай дәстүрлер болғаны туралы әңгімелеңдер.



4. Бала Абайдың өміріне әжесінің әңгімелері қалай әсер етті?
 5. Барлас ақынның Абайға айтқан сөзінен не байқадың?



6. «Осы өлеңді шығарған – кім екен?» деген Абайдың сұрағына сен қалай жауап берер едің?



7. Мәтіннің соңғы абзацын оқып, көптік жалғаулы сөзді тап.



Жазушы кейде топты, бірнеше адамды атау үшін бір кейіпкердің есіміне көптік жалғауын жалғайды. Мысалы: *Абайлар атқа қонды*. Сөйлемді бірнеше Абай бар екен деп түсінбеу керек. Бұдан Абайдың жанында бірнеше адам болғанын аңғарамыз.

Қорыт



8. Мәтінді оқығанда өзің үшін қандай ой түйдің?

Отбасыңда үлкендерден естіген немесе өзің оқыған ертегілердің бірін сыныптастарыңа әңгімелеп беруге дайындал.



27 ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕН ҮЙРЕНЕМІН



Сөйлеу барысында мақал-мәтелді, өлең жолдарын қолданамын. Талдап, мұқият оқимын. Шығармашылық жұмыстарды түрлі нұсқада ұсынамын.

Құра

1. Мұғалімнің көмегімен «Сырсандықтан» шыққан мақал-мәтелді аяқта.



Есіңе түсір

2. Сырсандықта берілген сөйлемдердің негізгі ойын анықта, ортақ атауын айт.



Мақал – үлгі-өнеге ретінде айтылатын қысқа әрі ұйқасты сөз. Ол – ауыз әдебиетінің бір түрі. Мақал тақырыбы сан алуан. Мысалы: еңбек, оқу, адамгершілік, т.б.

Мәтел сөзде ой анық айтылмай, «өзің түсін» дегендей тұспалдап беріледі. Мысалы: «Көз – қорқақ, қол – батыр», «Бір елі ауызға екі елі қақпақ».

Түсініп оқы

Сөз мәйегі

Жерітіп жаманды,
 Жақсыны үлгі еткен.
 Талапты адамға
 Өмірді үйреткен.
 Биікке өрлеуге
 Аталы сөз – үлгі.
 Мақалсыз көр кеуде
 Санаймын өзімді.
 Мақал мен мәтелдер –
 Ақыл-ой мәйегі.
 Мақал мен мәтелдер –
 Даналық әлемі.
 Өлмейтін даналық
 Қалдырды бабамыз.
 Мақалдан нәр алып,
 Ашылды санамыз.

Болат Үсенбаев



АБВ

Ақыл-ой мәйегі – бұл жерде: «ақыл-ой даналығы» деген мағынада

Көр кеуде – оқымаған, надан адам

?

3. Өлеңде мақал сөздің тәрбиелік мәні туралы не айтылған?
4. «Өлмейтін даналық қалдырды» деген сөзді қалай түсінесің?
5. Мақал сөзді күнделікті өмірде кім көп қолданады?

Ойлан



6. Өзің білетін мақалдардың бірінші бөлігін жазып, жалғасын көршіңнен сұра.

7. Суреттегі кейіпкерлерге қандай мақал-мәтел айтар едің?



Құра

8. Өлеңнің сөздерін пайдаланып, екі мақал-мәтел құрап жаз.

Ойнамаймын отпенен

Ойлағандар ұғады,
«Сақтық жақсы», – деп келем.
Өрт ұшқыннан шығады,
Ойнамаймын отпенен.

Оразбай Байбақұлы



Орында



9. Өздерің құраған мақал-мәтелдің мазмұны бойынша постер жасаңдар.



Сыныптағы оқушылар немесе сыныптар арасындағы мақал-мәтел сайысына дайындал.
«Мақал-мәтелдердің маңызы» тақырыбына ойыңды жаз.



ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ



Сөйлеу барысында иллюстрацияларды қолданамын.
Оқу түрлерін қолданамын.
Қатені тауып, түзетемін.

Тыңда



1. Мейрамбек Бесбаевтың орындауындағы «Бесік жырын» тыңда. Өзің қандай «Бесік жырын» білесің?



2. Осы дәстүрлерді қайдан көрдіңдер? Ол дәстүрлердің қайсысы ұнайды?

Ойлан

3. Неліктен салт-дәстүрді ұмытпай, жалғастыру қажет?

Мәнерлеп оқы

Бесік жыры

... Таңдап әкеп тал, терек,
Бесік идім сәнді, ерек.
Құс мамығы көрпешең
Жұмсақ па екен, бал бөбек?
Әлди, әлди, әлди-ай!

Салтын сақтап сыйлаған,
Халқын жатқа қимаған,
Жарқын жүрер жасқанбай,
Сен боларсың сыйлы адам.
Әлди, әлди, әлди-ай!

Бабалардай батыр жан,
Аталардай ақылман,
Аналардай ақын жан,
Сен боларсың құлыным.
Әлди, әлди, әлди-ай!

Дүниемен елдесіп,
Ақын жатқан бұл бесік,
Дүлей күшпен белдесіп,
Батыр жатқан бұл бесік.
Әлди, әлди, әлди-ай!

Ерте, ерте, ертеден,
Жер тербеткен бұл бесік.
Киесі – сөз, серті – өлең,
Ел тербеткен бұл бесік.
Әлди, әлди, әлди-ай!

Сағатбек Медеубекұлы



АБВ

Киесі – қасиеті

Ақылман – ақылшы, көргені көп адам

?

4. Сәбидің бесігі неден жасалған?

5. Бесіктің құнды, көне мәдени мұра екені туралы не айтылған?

6. «Бесік жырын» кім айтады?

а) нәрестенің анасы айтады;

ә) нәрестені ұйықтатқан адам айтады.

7. «Бесік жырында» сәбиге қандай тілек айтылған?

Есіңе түсір



Тұрмыс-салт жырларынан халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін танып-білеміз.



Өзгертіп айт

Не?	Қандай?
кие	киелі
қасиет	...
ақыл	...

Бірлесіп орында



8. Оқып, мұғалімнің көмегімен дұрыс сөйлеу үлгісін анықтаңдар.

Нәрестені бесікке бөледі.

Бесікті тербетті.

Нәрестені бесікке салды.

Бесікті сүйретті.

Тұжырымда

9. «Бесіктен өсіп шығыпты» тақырыбында 3-4 сөйлеммен ойыңды жаз.



Үлкендерден «Бесік жырының» бір шумағын сұрастырып, жазып ал. Әуенімен айтуға дайындал.

**ШЕБЕРЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ**

Шығармашылық жұмысты таныстырылым түрінде ұсынамын. Ым-ишара, қимылмен көрсетемін.

Орында

1. Әрекет түрлерін қимылмен көрсетіңдер.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
1) Бәріміз шалғымен былай-былай шөп шаптық.		
2) Әжем ұршықпен былай-былай жіп иірді.		
3) Отыра қалып бәріміз былай-былай жүн сабадық.		
4) Содан кейін былай-былай жүн түттік.		
5) Айнаш былай-былай шәлі тоқыды.		
6) Ағайым былай-былай бидай түйді.		
7) Шара, Айша, Қайрат кезектесіп былай-былай қымыз пісті.		
8) Арқат асауға былай-былай шалма тастады.		

2. Қазіргі кезде аталған кәсіп түрлерінің қайсысы сақталған?

Білгенге маржан

Сәндік қолданбалы өнер – ертеден келе жатқан сән өнерінің бір саласы. Ою-өрнек, зергерлік бұйымдар, кәдесый, т.б. – тұрмысқа қажетті көркем заттарды жасайтын шығармашылық түрі.

Қазақ халқының ұлттық өнері саналатын бұйымдар теріден, ағаштан, асыл тастан, сүйектен, тағы басқалардан жасалады.



Фариза Оңғарсынова (1939–2014) – ақын, қоғам қайраткері, журналист. Атырау облысы Новобогат ауданы Манаш ауылында дүниеге келген. Өлеңдері көптеген елдердің тіліне аударылған. «Оюлар», «Жезқазған», «Үйім – менің Отаным», «Ұстаз», «Ескерткіш», тағы басқа өлеңдерін оқып, бейнеқордан да тыңдауға болады.

Түсініп оқы

Оюлар

Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.
«Келе ғой, қошақаным, өзіме!» – деп,
Әжем кеп сипағандай шашымнан жай.

Күйімді кешсеңдер-ау сол беттегі,
Тұрғандай ана көңіл тербеп мені.
Жан бітіп жайраңдайды жан-жағымнан
Қазақтың қошқармүйіз өрнектері.

Аңсаумен күнім өтті қанша менің?!
Желбауда, басқұрда ма аңсау емім?
Әжемнің көзіндей бұл оюларды
Таба алмай, дала кезіп шаршап едім.

Елестеп көз алдыма сән шақтарым,
Келгендей құлағыма аңсатқан үн.
Түрінен текеметтің көріп тұрмын
Әжемнің тарамысты саусақтарын.

Шебер көп бұл заманда кілең керім,
Болмайтын ажыратып түр-өңдерін.
Сүрінбей өте алар ма ғасырлардан
Әжемнің оюындай жыр-өрнегім?!

Фариза Оңғарсынова



АББ

Керім – бұл жерде: «бірінен бірі жақсы» деген мағынада



Ақын өлеңде буын санын сақтау үшін сөзді айтылу түрінде жазады. Берілген өлеңде «Әжем **кеп** сипағандай шашымнан жай» жолындағы «кеп» сөзі «келіп» деген мағынаны білдіреді.



3. Ақынның сезімін қай сөзінен байқадыңдар:

- а) қуанышы, таңданысы;
- ә) аңсап, сағынуы;
- б) күдіктенуі.



4. Өлеңнен ұлттық өнерді сақтау туралы ақынның ойын тауып, оқы.



5. Сәндік қолданбалы өнер қайда кездесетіні туралы әңгімелеңдер.



6. Суреттен басқұр мен желбауды көрсетіп, сипаттаңдар.

Білгенге маржан



Текемет – бетіне ою-өрнек салынған төсеніш.

Басқұр – уық пен керегенің түйіскен жерін бастыра таңатын, үйдің ішіне сән беріп тұратын, өрнекті ұзынша құр.

Желбау – шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асып қоятын ою-өрнекті, шашақты құр.

Қорыт

7. Сәндік қолданбалы өнер туралы не білдің?



Өлеңнің ұнаған шумағын жаттап ал.
Ою-өрнекті бұйымның суретін сал.

**ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ - ЕЛ АУЗЫНДА**

Мәтіннің негізгі ойын түсінемін.



1. Ойланып, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап іздеңдер.

Сұрақтар	Жауаптар
Жұмбақты шешіңдер. «Таңертең төрт аяқты, түсте екі аяқты, кешке үш аяқты»	
Мақал-мәтел құрыңдар. <i>Ақыл – кімнен шығады, асыл – неден шығады?</i>	
Атқа қонғаны: а) жүргіншінің атқа отырғаны; ә) аттан түскені.	
Сөзге қай тіркес үйлесімді? Қарты бар үйдің: а) қонағы бар; ә) қазынасы бар.	
Өтірік пен шындықтың ара- сын өлшеуге бола ма?	



2. Қай сұрақ қиын?

Түсініп оқы**Зерделі**

(аңыз)

Баяғыда Зерделі дейтін шешен, білгір адам болыпты. Зерделі жолдастарымен жиһан кезіп келе жатып, бір қарияға кездесіпті. Сәлемдесіп, жөн білгеннен кейін, қария Зерделіге:



– Әкең Қазақбайды білуші едім. Үш түрлі бала туады: бір бала әкесінен өте туады, бір бала әкесіне жете туады, енді бір бала кері кете туады. Сен қайсысы боласың? – деп сұрапты.

Зерделі:

– Ата, өте туған бала боларымды алдағы өнерім білдірер. «Кері кете тудым» деу сізге де, мына жолдастарыма да өкінішті болар еді. Әзірше өз ойым – «жете тудым ғой» деп білем, – депті.

Қария:

– Балам, өтірік пен шындықтың арасы қандай? – деп сұрайды.

– Өтірік пен шындықтың арасы – төрт-ақ елі, – деп, бала оң қолының төрт саусағын көзі мен құлағының аралығына басады.

Қария:

– Балам, ақыл кімнен шығады? Асыл неден шығады? Оны білдің бе? – депті.

– Ақыл жастан шығады. Асыл тастан шығады, – дейді Зерделі.

Біраздан соң қымыз ішіп отырып Зерделі:

– Ата, екеуіңіз қалай? – деп сұрапты.

Қария:

- Екеуім үшеу болды, - дейді.

- Алысыңызбен қалайсыз? Жақыныңызбен қалайсыз?

- Жақыныммен жауша жағаласып, жамандарша найзаласамын. Алысым араздасты.

- Тәттіңізбен қалайсыз?

- Балам-ай, тәттінің де дәмі азая бастады ғой, - депті.

- Несиеңіз тие ме, ата? - депті Зерделі тағы да. Сонда қария:

- Жасымда берген несием - қартайғандағы несібем екен. Үй тігіп, қымыз сапырып отырғаным - соның арқасы, - депті.

Қариямен қош айтысып, атқа қонған соң, былай шыға Зерделінің жолдастары:

- Екеуіңнің сөздеріңді ұқпадық. Түсіндіріп берші, - деп өтініпті.



- «Екеуіңіз қалай?» дегенім - «Екі аяғыңыз қалай, өздігіңізден жүре аласыз ба?» дегенім еді. Қария: «Екі аяққа бір таяқ қосылып, үшеу болдық», - деді. «Алысыңызбен қалайсыз?» дегенім - «Алыстағыны көре аласыз ба?» дегенім еді. Қария: «Алысты көрмейтін болдым», - деді. «Жақыныңызбен қалайсыз?» дегенім - «Тамақты ішіп-жеуіңіз қалай?» дегенім еді. Қария: «Әр жерде бірден ғана тісім қалды. Сонымен арпалысып күн көрем», - деді. «Тәттіңізбен қалайсыз?» дегенім - «Ұйқыңыз қалай?» дегенім еді. Қария: «Ұйқым азайды», - деп жауап берді. «Несиең тие ме?» дегенім - «Балаларыңыз күте ме? Жасында бағып-қағып өсіріп едіңіз, енді олар сол еңбегіңізді өтей ме?» дегенім еді. Қария: «Дұрыс тәрбиелеп, жақсы өсірген бала - қартайғанда бақыт екен. Балаларымның қызығын көріп отырмын», - деді.

Зерделінің жолдастары бұған өте риза болып:

- Сен бізбен құрдассың. Қариямен білім жарыстырғаныңа таңғаламыз, - депті.

Сонда Зерделі:

- Өзім жас болсам да, әкем - Қазекең көп жасады ғой, - деген екен.

-  3. Өтірік пен шындықтың арасын көз бен құлақ арқылы қалай өлшейді?
 4. Қарияның бақытты екенін қай жауабынан байқадың?
 5. Рөлге бөліп, оқыңдар.

Бағала

6. Кесте бойынша сұрақтарға жауап бер.

Аңыз кейіпкері Зерделі – қандай адам?	Қария мен Зерделінің сөздерін жолдастары неліктен түсінбеді?
---------------------------------------	--


Пікіріңді айт

7. Кестемен жұмыс.

Ертегінің өзіме әсер еткен тұстары	1-тапсырмадағы жауаптарыңды мәтінмен салыстыр
------------------------------------	---

Қорыт

8. Мәтіннің соңғы сөйлемін оқып, негізгі ойын анықта.

-  Қарияның балаларына ризашылығын білдірген сөйлемді көшіріп жаз.



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫМЫЗ



Сөйлеу барысында ым-ишара, қимылды пайдаланамын. Көрнекіліктерді, таныстырылымды қолданамын. Шығармашылық жұмыс жасап үйренемін.

Есіңе түсір



1. Суреттегі ойын атауларын атаңдар. Қай ұлттық ойындардан спорттық жарыс өткізіледі?



Бірлесіп орында



2. Ойын ережесімен танысып, екі топ болып ойнап көріңдер.

Орамал тастау

(екінші түрі)

Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Арасы бір-бірінен он адымдай жерде белгіленген екі сызықтың бойына қарама-қарсы тұрады. Жүргізуші орамалды бірінші топтың шеткі ойыншысына ұстатады. Ол орамалды қарсы беттегі ойыншының біріне қарай лақтырып жібереді де: «Қа...» деп дауыстайды. Қарсылас ойыншы орамалды қағып алып: «...ғаз» дейді немесе «...ла» дейді. Сонда екеуінің айтқандарынан бір сөз шығады. Ойынның шарты бойынша, айтылатын сөз екі буыннан аспауы керек.



Орамалды қағып алған ойыншы тиісті сөзді айта алмай қалса, ортаға шығып, өнер көрсетеді. Содан соң орамалды қарсы жаққа лақтырып, жұмбақ сөздің бірінші буынын дауыстайды. Осылайша ойын жалғаса береді.

Орында



3. Ойын шартын түсініп оқып, таныстырылым жасаңдар.

Хан

Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Қатысушылар өзара келісім бойынша, әрқайсысы бестен немесе оннан асық шығарады. «Хан» асық қызылға боялған. Кезекпен барлық асықты жинап алып, қос қолдап шашып тастап отырады. Кейде «хан» көп асықтың астына басылып, көрінбей қалуы мүмкін. Мұндайда асықты иіруші: «Ханды қара басты!» – деп жариялайды. Сол сәтте ойыншылар асықтарды бас салып, талап алады. Ал егер «хан» бөлек, ашық жатса, иірген бала «ханмен» басқа асықты ата бастайды. Мысалы, «хан» бүк түссе, онда «ханмен» бүк жатқан асықты, шік түссе, шік жатқан асықты ату керек. Ойын осылайша жалғаса береді.

Ойынның шарты бойынша, «ханмен» асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғауға болмайды. Сөйтіп,



кезек алған ойыншы ойын шартын бұзғанға дейін немесе «ханмен» ататын асық таусылғанға дейін атып, ұтқан асықтарын жинап алады. Ортаға салынған асықтар таусылған соң ойнаушылар қайтадан асықтарын шығарып, ойынды жалғастырады.

Бұл ойын ептілік пен шапшаңдықты, байқағыштықты қажет етеді.

Әлібек Файзоллаұлы

Пікіріңді айт

? 4. Асық ойнап көрдің бе?



5. «Хан» ойыны ертедегі ұлттық ойын екенін қалай дәлелдер едің?

6. Қазіргі кезде не себепті асық ойындары сирек ойналады?
Себепін түсіндір.
7. *Иру, ату, көздеуді* ым-ишара, қимылмен көрсет.

Білгенге маржан

Асық атаулары		
Сақа – ұсақ асықтарды ату үшін таңдалған, қорғасын құйылған, салмақты, ірі асық.		
Топай – сиырдың асығы.		
Кеней – ұпайға тігілетін кішкентай асық.		
Ешкімер – ешкінің асығы.		
Қойлақ – қойдың асығы.		
Асықтың түсуіне қарай атауы		
 алшы	 тәйке	 шік
 бүк	 оңқа	 шоңқа
Асық ойынының атаулары		
«Омпы»	«Үштабан»	«Хан»
«Бүк»	«Қақпақыл»	«Шік»



Отбасыңдағы үлкендерден ойнаған ойындары туралы сұхбат алып, кесте түрінде жаз.

Ойын атауы

Ойын құралдары

Ойын ережесі

Ойынды кім ойнаған?

**ТАҢҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕР**

Сюжеттің дамуын болжаймын.
Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалаймын.

Есіңе түсір

1. Суреттегі кейіпкерлерге қарап, ертегінің атауын анықтаңдар.

**Ойлан**

2. 3-сыныпта оқыған «Ақбас торғай» ертегісінің ерекшелігі неде?
3. Таңғажайып кейіпкері бар ертегілерді ата.

Түсініп оқы**Алтын сақа**

(ықшамдап алынды)

Өткен заманда бір бай болыпты. Бір күні бай жылқысын суарғалы көлге келсе, көлдің ішінде бір қып-қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың жылқылары өкпеден үркіп, суға

жуымайды. Сол кезде бай өкпені құрықпен түртіп көреді. Өкпе суға батып кетіп, жалмауыз кемпір болып судан шығады да байдың жағасынан ала түседі. Бай жалмауыз кемпірге:

– Ат басындай алтын берейін, қоя бер, – дейді.

Жалмауыз кемпір:

– Жалғыз балаңды бер, жіберейін, – дейді.

Бай баласын бермек болады, кемпір оны қоя береді.

Кемпір: «Балаңды қай жерде бересің?» – дейді. Сонда бай: «Ертең көшемін. Баламның алтын сақасын жұртқа тастап кетемін. Сен сол сақаның жанында отырарсың», – дейді. Сонымен бай кетіп қалады.

Ертеңінде ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. Асық ойнамақ болған бала сақасын жоқтап жылайды. Сонда әкесі:

– Кеше жұртта қалыпты. Алып қайта қой, – дейді.

– Әке, қандай тайға мініп барайын? – деп сұрайды.

– Жылқышыдан сұрап мін, – дейді бай.

Жылқышы балаға:

– Құрығыңды құлдыратып, жүгеніңді сылдыратып жылқыға бар. Қай тай бетіңе қараса, соны мін, – дейді.

Бала жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай оған қарайды. Бала тайды жүгендегенде тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала қуанып, үстіне қарғып мінгенде тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа жетіп келеді. Келсе, сақаның жанында бір кемпір отыр. Бала кемпірге:

– Шеше, анау жатқан сақамды алып берші, – дейді.

– Шырағым, өзің ал. Кәріліктен отырсам, тұра алмаймын, тұрсам, отыра алмаймын, – дейді кемпір.

– Мен жастықтан түссем, міне алмаймын, мінсем, түсе алмаймын, – дейді бала.



Сонда баланың тайы сақаның жанына жата қалады. Бала сақаны іліп алады. Тай тұра қашады. Кемпір қуады. Бала қашып келеді. Қуып жете алмайтын болған соң кемпір бір тісін жұлып алып, атып жібергенде, тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен қашады. Кемпір тағы бір тісін жұлып лақтырғанда тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі. Тай екі аяғымен шауып бара жатып, бір бәйтерекке кез болады. Бала тайынан секіріп түсіп, бәйтеректің басына шығып кетеді. Кемпір тағы бір тісін жұлып алып, бәйтеректің түбін кешке дейін қазады. Осы кезде бір қызыл түлкі келеді де кемпірге:

– Шеше, мен қаза тұрайын. Ұйықтап демал, – дейді.

Кемпір жатады. Түлкі тісті суға лақтырады да қазған шұңқырды бітеп, өзі кетіп қалады. Кемпір оянса, тісі де жоқ, түлкі де жоқ. Ол тағы бір тісін суырып алып, бәйтеректі қаза береді. Бір уақытта тағы бір түлкі келіп:

– Шаршаған боларсың, мен қазайын, – дейді.

– Сен тағы да кетпенімді алып, қашып кетерсің! – дейді.

– Ол – қырдың қызыл түлкісі, мен сайдың ақ түлкісімін. Баяғыда бұл баланың әкесі аң аулап жүргенде мені

қуып, соға жаздаған болатын. Бұл балада менің кегім бар, – дейді.

Кемпір түлкіге сеніп, ұйқыға кетеді.

Жалмауыз кемпір оянса, түлкі жоқ... Сонда кемпір аузын ашса, бір-ақ тісі қалыпты. Кемпір бәйтеректің түбін қаза-қаза құлауға жақындатады.

Болжа

Ертегі мазмұнын әрі қарай болжа. Балаға көмектесу үшін қандай қиял-ғажайып оқиға айтар едің?

Баланың төбесінен бір топ қарға өтеді. Бала қарғаларға:
– Ау, қарғалар, қарғалар! Жайлаудағы бес төбетіме хабарымды айта бар. Мені жалмауыздан арашалап алың, – дейді.

Қарғалар қарқ етіп, ұшып кетеді...

Бір қарлығаш әрлі-берлі ұшып жүреді де баланың төбесіне келіп қонады. Бала бұған да тапсырады. Бұрын бала қыстаудағы ұя салған қарлығаштардың балапандарына тимей, бұларды жақсылап өсіріп, ұшырып жіберетін. Сондықтан бала қарлығашпен дос екен. Қарлығаш баланың төбеттеріне айтып барады. Мұны естіген төбеттер шауып отырып бәйтерекке келеді. Сол кезде бәйтерек те құлайды. Төбеттер кемпірді талап тастайды.

Бала төбеттеріне кезек-кезек мініп, еліне жетеді. Баланың әке-шешесі қуанып, ел-жұртына той жасайды.

4. Өз болжауыңды ертегі мазмұнымен салыстыр.

5. Баланың әкесінің іс-әрекеті туралы не айтар едің?

Бағала

6. Балаға қандай мінездеме беруге болады?



Фантастика (грек сөзі) – қиялдау өнері. Мұндай шығармаларда шындыққа жанаспайтын құбылыстар бейнеленеді. Оның кейіпкерлері қиындықтан аман-есен құтылып шыға алады. Қиял-ғажайып ертегілерінің оқиғасы фантазияға құрылады.



Тыңда



7. Ертегінің үзіндісін тыңда. Сұраққа жауап бер.

Ойлан

8. Қатені тап.

«Шырағым, өзің ал. Кәріліктен отырсам, отыра алмаймын, тұрсам, тұра алмаймын».

Қорыт

9. Ертегідегі негізгі ой – жақсылықтың жеңуі. Қандай кейіпкерлер жақсылық үшін күресті?



Үлкендердің көмегімен *«тайды жүгендегенде», «тоқым салғанда», «ер салғанда», «айылын тартқанда»* сөздеріне анықтама жаз.

Жылқы малының атауларын жасына қарай теріп жаз. Мысалы: құлын, ...



КІТАП – АСЫЛ ҚАЗЫНА



Шығарманың оқиғасын болжаймын.
Оқиғаның маңызды тұстарын талдаймын.

Біліміңді қолдан



1. Өзің оқып жүрген кітаптан немесе «Әдебиеттік оқу» пәнінен таныс бір мәтіннің оқиғасын, кейіпкерлерін жұмбақтап сұра.



2. Өз үйіңдегі кітапханада қандай құнды кітаптар бар? (Мысалы: автордың қолтаңбасы бар...). Ол туралы не білесің?




Олжас Сүлейменов – ақын, 1936 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. О. Сүлейменов шығармаларын орыс тілінде жазады. Оның көптеген өлеңі қазақ тіліне аударылған.

Ақынның «Қыш кітап», «Арғымақтар», «Атамекен», т.б. кітаптары бар.

Түсініп оқы

Ертегі



Есіңде ме, беймаза ана, менің тұңғыш ертегім?
 Ұят болды-ау, сол бір жылы күзге қалып тентегің.
 Десе керек мектеп саған: «Жөндеп үйрет мықтыны!»
 Сен бір кітап алып келдің,
 Сол есіңнен шықты ма?
 Содан кейін мені бағып, үш-төрт сағат тырп етпей,
 Бірдеңені тіккен болып, қойдың ұзап бір кетпей.
 Дос балалар тау ішінде жүрді ол кезде демалып,
 Сенің ұлың ертегі оқып, отырды үйде қамалып.
 Аттай үш күн күзеттің-ау,
 Қайыспадың болаттай.
 Секеңдеген жас қыздарды қойдың жақын жолатпай.
 Күлкісі ортақ құрбыларын тез ұмытып аңғалың,
 Оқи берді батырларға есі кетіп, таңғалып.
 Жер тарпыған Тайбурыл да, қыран қанат пырақ та
 Еліктіріп алып кетті мені алысқа, жыраққа.
 Содан қайтып оралмадым,
 Оралғам жоқ әлі де.
 Үш-төрт сағат селт етпедім,
 Неге керек обалым!
 Содан кейін атып тұрып, атып шығып далаға,
 Ойнап кеттім,

Тойлап кеттім,
 «Бала» деген – бала да!
 Батыр болып шыға келдім,
 Менен де көп жау қашты.
 Ағаш қылыш қолыма алып, көрші ауламен шайқастым.
 Шіңкілдеген дауысыммен ұрандадым жүз дүркін,
 Әлсіздерге тиіспедім,
 Аман қалды қыз-қырқын.
 Ал сен болсаң, қажып-шаршап жүрдің үйде жабыға,
 Мен ойыннан келе сала тағы оқыдым, тағы да.
 Түсіме еніп майдан, даңқ, сүлік қара сайгүлік,
 Армандадым, қиялдадым: «Жетемін, – деп – қай күні?»
 Содан тағы ерте тұрып, тағы оқуға кірістім,
 Ақырында «Оқы!» – демей, «Оқыма!» – деп ұрыстың.

Болжа

Баланың анасы неліктен баласына: «Кітап оқыма!» – дейді?
 – Жаман бала жайында оқып бітпеп пе едің,
 Не – мынау?
 Тауға барып ауа жұтсаң қайтер еді, жаным-ау!
 – Көп оқыған жоқпын, мама,
 Бар болғаны – бір-ақ бет.
 Тағы біраз оқиыншы! Ұрықсат па? – Рақмет!
 Ара жайлы әдемі жыр екен, бітіп қалсын да! –
 Дегенімде жыламсырап шықса керек даусым да.
 Сөйтіп жүріп, бір жыл өтті,
 Жырсыз қалай шыдармын?!
 Көрпе астында бұғып жатып оқитынды шығардым...
 Ол – бір ғажап кез еді ғой,
 Кез еді ғой ғажайып!
 Жылаушы едің: «Көзің майы кетеді, – деп, – азайып».
 Ұрсушы едің «Соқыр болып қаласың!» – деп ашынып,
 Қайран ана!
 Кітаптан сол көзім қайта ашылды.

О. Сүлейменов, аударған – Қ. Мырза Әли

АБВ

Күзге қалу – үлгерімінің нашарлығына байланысты келесі сыныпқа көшіру үшін күзде қайта емтихан тапсыру
Беймаза – мазасыз, тынышсыз

?

3. Бала өз басынан өткен қандай оқиғаны ұяла есіне алды? Әңгімелеп бер.
 4. Оқыған кітаптары оны қандай жақсы қасиеттерге баулыды?

Бағала

5. Анасының баласына қатал болғаны дұрыс па әлде қамқор болғаны дұрыс па?

Біліміңді қолдан

6. Кітапқұмар бала туралы оқығаныңды есіңе түсір. (Әже, «Қобыланды батыр», ақындар,...)

Сөйлесейік

👥

7. Кітапханаңда қандай кітаптар болғанын қалайсың?



Қорыт

8. Кесте бойынша айт.

Биыл неше кітап оқыдың?	Оны қайдан алдың?	Сыныпта кім кітапты көп оқиды?	«Көп оқыған көп» біледі деген рас па? Неліктен?

📧

Өзің оқып жүрген кітапты жарнамалауға, кітаптың қызық жерінен сыныпта үзінді оқуға дайындал.



ЕСКІ ҚОРҒАНДАРДЫҢ СЫРЫ



Көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтаймын.
Тапсырманың себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсетіп үйренемін.

Анықта



1. Ребусты шешсеңдер, ескі қорған қазбасынан табылған заттармен таныс боласыңдар.



““

А

100



’

К



’

С



Н



’



Б

6

’

А



“

Ы



”



2. Ребустың шешуі болған заттардың құнды мұра екені туралы айтып беріңдер.

Бұл заттар кімге, қайда тапсырылатыны туралы не білесіңдер?

Түсініп оқы

Археолог

Сауран, Бестам, Сығанақ
 Сырлары мол ашпаған.
 Жер астынан сығалап
 Жатыр көне тостаған.
 Санатқа көп қосылар
 Сансыз қала құмдағы.
 Шақырады Отырар
 Шешілмеген жұмбағы.
 Қалақшамен тынбастан
 Қазып төбе, обаны,
 Қалаларды құм басқан
 Ағам аршып алады.
 Қарсылық қып жауларға,
 Қамал қанша құлаған?!
 Тарих бетін аударған
 Археолог – бұл ағам!..

Байбота Серікбай



АБВ

Санатқа қосылу – есепке алыну

Оба – тастан, топырақтан үйілген төбешік, қорым

?

3. Көне қалалардың «шешілмеген жұмбағы» дегенді қалай түсінесің?

4. Қазба жұмысы кезінде табылған заттардан не білуге болады?



Отырар



Отырар қаласының орны



Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі

Білгенге маржан

Қазақ жеріндегі көне қалалармен, ескерткіштермен таныс.

Қазақстандағы танымал ескерткіштер: Сайрам, Отырар, Тараз, Сығанақ, Жанкент, Жент қалалары, Есік, Берел қорымы, Айша бибі, Ясауи кешені, т. б.

Отырар, Сығанақ қалалары Сырдарияның бойында орналасқан. **Құлан** қалашығының орны Жамбыл облысы Рысқұлов ауданы Құлан ауылының маңында. **Сарайшық** қаласы Атырау облысындағы Жайық өзенінің оң жағасында орналасқан.

Түсініп оқы**Археологтің сыры**

Жермен ұзақ мұңдасқан,
Жылап, бірде күлді аспан.
Талай-талай шаһарды
Толқын шайған, құм басқан.
Жер кітабын аштың ба?
Дастаны бар тастың да.
Отырамыз жер шұқып
Қақтаған күн астында.
Апта күтіп, жыл күтіп,
Ғасырларды қылғытып,
Бір кездерде сайрайды
Құбырларға тіл бітіп.

Қадыр Мырза Әли

**Бағала**

5. Археолог мамандығы не себепті маңызды?

Түсіндір, дәлелде

6. Археолог рөліне еніп, 1-жақтан сөйле (Мен археологпін. Маған алдымен...). Суреттегі заттардың қайсысы қажет екенін айт. Дәлелде.



Анықта

7. Мұғалімнің көмегімен сипаттау сөздердегі көркемдегіш құралды анықта.



8. Сызбаны өзгертіп жаз.

Қорыт

9. Бүгінгі сабақта өзің үшін қандай жаңалық аштың?



Энциклопедиялық анықтамалардан көне қалалардың бірі туралы қызық деректер дайында.



АТА-БАБА МҰРАСЫН ҚҰРМЕТТЕЙМІЗ



Түрлі шығармашылық жұмыстар орындаймын.

Бірлесіп орында



1. Кестемен жұмыс.

Топ түрлері	Жұмыс түрі
1. Ұлттық саз аспаптарын түсіндіруші топ	Суретпен немесе қимыл-қозғалыспен бейнелеңдер.
2. Зергерлік бұйым жасаушы топ	Топтастыру сызбасын жазу арқылы түсіндіріңдер.
3. Халық әнін орындаушылар мен күйшілер тобы	Бірігіп бір-екі шумақ ән шырқаңдар.
4. Шежіреші жеті ата тобы	Сызба арқылы түсіндіріп, мысалмен дәлелдеңдер.

Бағала

2. Саған қай топтың жұмысы ұнады?



Ермек Өтетілеуұлы (1938–2006) – ақын, аудармашы. Бұрынғы Ақмола (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласында дүниеге келген. Балалардың сүйікті ақыны өз өлеңінде:

Балаларға жазамын
Жырдың түрлі нұсқасын.
Қабыл алмай жаманын,
Тек тәуірін ұстансын, –

деп жырлаған екен.



Түсініп оқы

Біз – қазақ баласы

Бабалар мұрасы,
 Аталар мирасы,
 Бар байтақ даласы
 Біз – қазақ баласы.
 Дәстүрді сақтаған,
 Жеті ата-бабасын
 Жадына жаттаған
 Біз – қазақ баласы.
 Қобызын күңіреткен,
 Қолында күй шерткен,
 Домбыра – сырласы,
 Біз – қазақ баласы.
 Асаумен алысқан,
 Жүйрікпен жарысқан.
 Білген ат бағасын
 Біз – қазақ баласы.
 Халықтық салт-нұсқа –
 Сөзсайыс – айтысқа
 Бар ынта, таласы
 Біз – қазақ баласы.
 Оқуда, өнерде,
 Үздік те, шебер де.
 Ұрпақтар жалғасы,
 Біз – қазақ баласы.

Ермек Өтетілеуұлы



АББ

Мирас – атадан әкеге, әкеден балаға қалатын мұра
Білген ат бағасын – бұл жерде: «жылқы малын жақсы көрген» деген мағынада

3. Өлең кейіпкері өз ұлтының қандай мұрасын мақтан еткен?
 4. Өлеңде аталар мирасы туралы не айтылған?

Ойыңмен бөліс

5. «Сөзсайыс – айтысқа» деген тіркестегі айтыс өнері туралы не білесіңдер?

Білгенге маржан

Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөзсайыс, жыр жарысы.

Айтыс – ақынның талантын шыңдайтын үлкен өнер жарысы.



Қорыт

6. Үлгіге қарап, өлеңнің таңдаған екі шумағының мазмұнын қысқаша жаз.

Үлгі	Шумақ мазмұны
Бабалар мұрасы, Аталар мирасы, Бар байтақ даласы Біз – қазақ баласы.	Қазақтың кең даласы – ата-бабамыздың бізге қалдыр- ған мұрасы. Біз – осы жердің иесіміз.

7. Қазақтың жақсы дәстүрін сақтап, жалғастыру үшін не істер едің?



Өлеңнің ұнаған шумақтарын жаттап ал.



ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР



Тарау бойынша алған біліміңді қайталап, шығармашылық дағдыларыңды дамытамын.
Біліміңді бағалаймын.

1. Суреттегі қару атауларын ата.
Бес қарудың қайсысы жетіспейді?



2. Мақал-мәтелге қажет сөзді қойып, оқы.

Ойнап сөйлесең де, ... (ойлап сөйле, отырып сөйле.)

Өтіріктің құйрығы – ... (екі тұтам, бір-ақ тұтам)

Кітап – білім ... (бұлағы, өзені)

Жауабыңның дұрыстығын неден, қайдан іздеп, анықтауға болады?



3. Қазба жәдігерлер қай жерде сақталады?

дүкенде


көрмеде

музейде

4. Сызба-жоспар бойынша әңгімеле.



5. Сұраққа жауап бер.



6. «Ау, қарғалар, қарғалар! Жайлаудағы бес төбетіме хабарымды айта бар...» Қай кейіпкердің сөзі? Әрі қарай оқиға мазмұнын есіңе түсіріп, әңгімеле.

7. О. Сүлейменов туралы деректерді тексер, анықта.



**8. Бірігіп орындаңдар.**

а) Мәтін бөліктерінің ретін тауып оқуға дайындалыңдар. Орналастыру себебін түсіндіріңдер.

Тоғызқұмалақ арнаулы тақтада ойналады. Тақтаның шұңқыр қазаны бар. Тоғызқұмалақ ойлануды, тапқырлықты керек етеді. Бұл жағынан шахмат, дойбыға ұқсайды. Бұл ойын Орталық Азия елдерінде кеңінен тараған.
Тоғызқұмалақ – ұлттық ойындарымыздың бірі. Оның шығу тарихы мыңдаған жылдар бұрын деп есептеледі. Бұл – өткен ғасырларда қазақ жерінде ең кең тараған ойын.
Біздің елімізде тоғызқұмалақтан жарыстар өтеді. Ол – нағыз ұлттық мұра.

ә) Мәтін бөліктеріне түсініктеме беріңдер.

Мәтіннің
басталуы

Мәтіннің
жалғасы

Мәтіннің
аяқталуы



б) Мәтіндегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді жазыңдар.

9. Араласып кеткен анықтаманы ретімен жинастырып жаз.

Зере – Абайдың ... , (жазушы, анасы). **М. Әуезов** – ... ,
Ұлжан – Абайдың ... (әжесі), «Хан» – ..., «Ақдауыл хан» – ...
(ұлттық ойын, ертегі).



Төменде берілген сөздерді оқып, кестеге түсір.

Қайсысын фантастикалық мәтіннің кейіпкері ретінде білесің?	Қайсысын фантастикалық кейіпкерге айналдырар едің?	Қай сөзге сөздік құрастыра аласың?

Алтын қалам, алтын жүрек, алтын жүзік, алтын асық,
алтын қауырсынды құс, алтын белгі, алтын жұлдыз, алтын балық, Алтын Адам.

ГЛОССАРИЙ

Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөзсайыс, жыр жарысы. Айтыс – ақынның талантын шыңдайтын үлкен өнер жарысы.

Аллитерация – өлең жолдарындағы бірыңғай дауыссыз дыбыстардың ерекше мәнермен үйлесімді қайталануы.

Аңыз – қиял аралас фантастикалық хикая. Аңыздың негізінде шындыққа жанасымды, өмірде болған, халық жадында сақталған оқиғалар жатады. Абзал адамдар, көрнекті қайраткерлер жайында таралған аңыз көп.

Әсірелеу – суреттелетін затты шамадан тыс асырып айту тәсілі. Бұл көркемдегіш тәсіл батырлар жырында, жыраулардың шығармасында жиі қолданылады.

Бата – ата-ана мен ақсақалдардың, ел ағаларының тілегі. Батаның түрі көп. Мысалы: ел мен жерге берілетін бата, асқа берілетін бата, ақ бата, т.б.

Батырлар жырының тақырыбы – елді, жерді сыртқы жаудан қорғау. Оның басты кейіпкері – батыр. Ал батырдың тұлпары – оның ең жақын серігі.

Кейіпкер – әдеби шығармада оқиғаға қатысушы адам. Ертегілерде, мысалдарда кездесетін аң-құстар да, өсімдік, жәндіктер де кейіпкер бола алады.

Қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталау.

Қолданбалы өнер – көне заманнан келе жатқан сән өнерінің бір саласы. Оған тұрмысқа қажет жиһаз, зергерлік бұйым, кәдесый, кілем, тағы басқалар жатады. Ол сүйек, тері, былғары, ағаш, шыны, қыш, асыл тастардан жасалады.

Мақал-мәтел – үлгі-өнеге ретінде айтылатын қысқа әрі ұйқасты ауыз әдебиетінің бір түрі. Мақал тақырыбы сан алуан. Мысалы: еңбек, оқу, адамгершілік, т.б.

Мәтел сөзде ой анық айтылмай, «өзің түсін» дегендей тұспалдап беріледі. Мысалы: «Көз – қорқақ, қол – батыр», «Бір елі ауызға екі елі қақпақ».

Негізгі ой – жазушының өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы.

Өлең – белгілі буын өлшемі бар, ырғаққа, ұйқасқа құрылған көркем сөз.

Салт-дәстүр – ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып. Әр ұлттың өзінің салт-дәстүрі болады. Мысалы: қазақтың ас беру, бата жасау, бесікке салу, тағы басқа салт-дәстүрі бар.

Тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы. Шығарма тақырыбынан кім, не туралы айтылатынын байқау қиын емес.

Тұрмыс-салт жырлары – халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін білдіретін ауыз әдебиетінің түрі.

Шешендік сөз – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан сөз өнері. Шешендік сөзде терең ой, даналық жатыр.

Фантастика (грек сөзі) – қиялдау өнері. Мұндай шығармаларда шындыққа жанаспайтын құбылыстар бейнеленеді. Фантастикалық шығарманың негізгі ойы – жақсылықтың жеңуі. Оның кейіпкерлері қиындықтан аман-есен құтылып шығады. Қиял-ғажайып ертегілерінің оқиғасы фантазияға құрылады.

Эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау қиын. Мысалы, сұр, түсі суық, дымқыл, т.б.

Эссе – өз пікірің, ойың жазылған шағын әдеби шығарма.

МАЗМҰНЫ

I. МЕНІҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

Отаным – бақыт ордасы	5
Мен Қазақстан азаматымын	8
Отан туралы өлең-жыр оқимыз.....	12
Қасиетті мекенім	14
Ер серігі – тұлпары	18
Туған жердің таулары	21
Ерлік ұмытылмайды	25
Туған елге сағыныш.....	28
Жер байлығы – ел байлығы	32
Тәуелсіздік күні	36
Мен де еліме қызмет етемін	40
Өзіңді тексер	43

II. ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазыналы қарттың тәлімі	47
Адами асыл қасиеттер	51
Ата-баба тәрбиесі.....	55
Ана тілім – дана тілім.....	59
Қазына иесі – кім?	62
Ақыл жастан.....	66
Жазу, сызу, өнер – адамның рухани құндылығы	69
«Жақсы» деген – немене? «Жаман» деген – немене?	73
Уақыт – біздің құндылығымыз	78
Мен бақытты баламын	81
Өзіңді тексер	84

III. МӘДЕНИ МҰРА

Мәдениеттің дамуы	87
Ауыз әдебиеті – өшпес мұра	91
Даналық сөзден үйренемін	95
Халқымыздың салт-дәстүрі	98
Шеберлер еліне саяхат	101
Халық даналығы – ел аузында	104
Ұлттық ойындарымыз	108
Таңғажайып ертегілер	112
Кітап – асыл қазына	117
Ескі қорғандардың сыры	121
Ата-баба мұрасын құрметтейміз	125
Өзіңді тексер	128
Глоссарий	131

Оқулық басылым Учебное издание

**Муфтибекова Зубайда
Рысқұлбекова Әсима**

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің
4-сыныбына арналған оқулық

ЛИТЕРАТУРНОЕ ЧТЕНИЕ

Часть 1

Учебник для 4 класса
общеобразовательной школы

Әдіскер – *Ф.С. Лекерова*

Редактор – *Ә.Б. Орынбаева*

Көркемдеуші редактор – *Т.В. Толыбекова*

Суретші – *А. Тұрысбеков*

Компьютерде беттеген – *С.М. Ахметова*

Методист *Ф.С. Лекерова*

Редактор *А.Б. Орынбаева*

Художественный редактор *Т.В. Толыбекова*

Художник *А. Тұрысбеков*

Компьютерная верстка *С.М. Ахметовой*

Алматыкітап

Басуға 14.02.2019 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100¹/₁₆. Офсеттік басылым.
Әріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз.
Тапсырыс № 2057.

Қазақстан Республикасы,
«Алматыкітап баспасы» ЖШС,
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz
www.almatykitap.kz

Подписано в печать 14.02.2019 г.
Формат 70x100¹/₁₆. Печать офсетная.
Гарнитура «Школьная». Бумага офсетная.
Заказ № 2057

Республика Казахстан,
ТОО «Алматыкітап баспасы»
050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,
тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz
www.almatykitap.kz